

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы**

**Министерство просвещения Республики Казахстан
Национальный научно-практический центр физической культуры**



**Білім алушы жастар арасында ұлттық спорт түрлерін
ұйымдастыру және өткізу бойынша
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
по организации и проведению национальных видов спорта
среди обучающейся молодежи**

**Астана
2023 жыл**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының Ғылыми кеңесі шешімімен баспаға ұсынылды (01.11. 2023 ж. № 6 хаттама).

Әдістемелік ұсынымдар «Дене шынықтыру» пәні бойынша білім алып жатқан еліміздің жалпы білім беру ұйымдарындағы білім алушы жастар мен дене шынықтыру мұғалімдері, әдіскерлері үшін ұлттық спорт түрлерін өткізу, ұйымдастыруды оқып-үйренуіне арналған. Білім беру сапасын арттырудан басқа, ұлттық спорт түрлері дене қасиеттерін жан-жақты дамыту, рухани-патриоттық тәрбие беру, басқа пәндермен өзара байланыс және қоғамның әртүрлі салаларындағы педагогикалық оқытудың алғышарттары үшін толық және көлемді мәліметтер береді. Әдістемелік ұсынымдар ғылыми, оқу және әдістемелік ақпаратты қамтитын маңызды төрт бөлімнен тұрады.

Әдістемелік әзірлеменің дүниетанымдық маңызы зор және білім алушыларға, мұғалімдерге, тәрбиешілерге, әдіскерлерге, дене шынықтыру бойынша салауатты өмір салтын насихаттайтын адамдарға, сондай-ақ жалпы білім беру мекемелерінде ұлттық спорт түрлері туралы ақпарат алғысы келетін барлық оқырмандарға арналған.

МАЗМҰНЫ

1. Белгілеулер мен қысқартулар.....	4
2. Нормативтік сілтемелер	5
3. Алғы сөз	6
4. Кіріспе	7
5. I -бөлім. Жалпы білім беретін мектептердің оқу үдерісіне жас кезеңдері бойынша ұлттық спорт түрлерін енгізудің әдістемелік қажеттілігі мен пайда болу тарихы	8
6. II - бөлім. Қазақстан Республикасының өңірлік, климаттық-географиялық, жас ерекшеліктерін есепке ала, ұлттық спорт түрлерін оқу бағдарламасына іріктеу және орналастыру әдістері	14
7. III-бөлім. Оқыту бөлімдерінде ұлттық спорт түрлерін қолдана отырып, қозғалыс қасиеттерін дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар.....	23
8. IV-бөлім. Сыныптан тыс және мектептен тыс уақытта жоспарлы және жоспардан тыс спорттық жарыстарды өткізу кезіндегі дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-бұқаралық іс-шаралар	38
9. Қорытынды	44
10. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	48

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

БДШ – бейімделген дене шынықтыру
ОБНБ – оқу бағдарламасының негізгі бөлігі
ОБВБ – оқу бағдарламасының вариативті бөлігі
МЖМББС – мемлекеттік жалпыға міндетті оқыту стандарты
ҚБ – қозғалыс белсенділігі
ҮЖ – үй жұмысы
ҚДМ – қозғалыс дағдылары мен машықтары
ҚР – қозғалыс режимі
БЖСМ – балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі
ЕСҚ – ерікті спорт қоғамы
ӨӨС – өкпенің өмірлік сыйымдылығы
ГҚСИ – Гарвардтың қадамдық сынақ индексі
ҮББИ – үздіксіз білім беру институты
ҒЖБМ – Ғылым және жоғары білім министрлігі
БҒМ- Білім және ғылым министрлігі
ОАМ – Оқу-ағарту министрлігі
ДС – дене салмағы
КҚӨ – кеуде қуысының көлемі
ЖДЖ – жалпы дамыту жаттығулары
ЖОМ – жалпы орта мектеп
ЖАО – жалпы ауырлық орталығы
БМ – бағдарламалық материал
ҚҚД – қозғалыс қасиеттерін дамыту
СК – спорт клубы
АМТ – арнайы медициналық топ
ДТЖ – дене тәрбиесінің жүйесі
ДТ – дене тәрбиесі
ФҚ – физикалық қасиеттер
ФД – физикалық дайындық
ФД – физикалық даму
ДШСЖ – дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары
ФЖ – физикалық жаттығулар
ЖСЖМС – жүрек соғу жиілігі, минутына соққылар
КСМГ – көпсалалы мектеп-гимназия
МЛ – мектеп-лицей
ГЭМГ – гуманитарлық-эстетикалық мектеп-гимназиясы
Б – барлығы, сыныптар
ЖұпЖ – жұптағы жұмыстар
БАЭ – білім алушының эксперименті
ФБ – формативті бағалау
ТЖ – топтық жұмыс
ЖЖ – жеке жұмыс
МК – мұғалім көрсетеді

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Нормативтік сілтемелер аталған әдістемелік ұсынымдардың заңдылығын көрсете отырып, бекітілген нормативтік актілер аясында қолданыста екендігін көрсетеді:

1) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы;

2) Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V ҚРЗ «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңы ;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы;

5) Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 168 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы».

АЛҒЫ СӨЗ

Білім беру мекемелеріндегі дене шынықтыру сабақтарында ұлттық ойындарды жас ерекшеліктері бойынша ойнату әдістері алуан. Заманға сай, ойын түрлерін білім алушылар арасында қызықты етіп өтетіндей, әрбір ұлттық ойындардың оқыту әдістемесін жергілікті, аймақтық, өңірлік ерекшеліктерге орай, жасақтау керек. Әрбір баланың санасына ойынды сіңіру үшін, қызықты да дұрыс әдістерді қолданған жөн.

Қазақтың ұлттық ойындарының кез келгенін білім беру мекемелеріндегі білім алушының жасына қарамастан, қазіргі заманға сай етіп, жаңаша үйретуге болады. Қазақтың ұлттық ойындарын балаға жеткізудің бірі – сабақта қолданылатын көрнекі құралдар. Әдемі көркемделген, ұлттық нақышта өрнектелген, ұлттық ою-өрнектер қолданылып, салынған плакаттар кез келген бала үшін түсінікті болады. Ойын ережелері көзге түсетін жерлерде ілініп тұрғаны абзал. Ұлттық ойындарды бейнелеген кітапшалардың көптеп шығарылуы білім алушылардың дүниетанымын кеңейтеді. Ақпараттық тұрғыда ұлттық ойындарды дәріптейтін оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттерді насихаттау арқылы байырғы салт-дәстүрді ұстанып, сақтаған жөн. Қазақтың ұлттық ойындары пайдаланылған ашық сабақтарды оргтехниканы қолдану арқылы көрсетуді көбейтіп, ұмытылып бара жатқан қазақи тәрбие мен ой-сананы соңғы ғасырда кеңестік тәртіппен өскен, түп-тамырын жоғалта бастаған, әсіресе, қалалық өскелең ұрпақ арасында жарнамалаған жөн. Әрбір мектеп басшылығы дене шынықтыру пәнінің оқу жоспарлары мен бағдарламаларына білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, ұлттық ойындардың түрлерін енгізіп, үнемі бақылауда ұстап отырса, уақыт өте келе, бұл үрдіс табиғи заңды секілді, болып қала бермек.

Ұлттық ойындарды, соның ішінде, тәрбиелік, рухани, патриоттық тұрғыдағы адами қасиеттерді дамытатын ойындарды баса айтатын болсақ, қазақтың ұлттық ойындары білім беру мекемелеріндегі білім алушылар үшін оларды өткізу барысында өскелең ұрпақты тәрбиелеуде маңызы зор екенін өмірлік тәжірибе көрсетуде. Әрбір жастық буын бойынша сабақтардың ұлттық ойындарға байланысты берілген бөлімдерінде аталған ойындардың ойнау тәсілдерін үйретіп, сабақ сайын жетілдіріп, қайталау арқылы пысықтап отырса, үлкен өмірге қадам басып, азамат атанғанда, ұлтын сүйер нағыз патриот боп өсері анық.

КІРІСПЕ

Білім беру мекемелеріндегі барлық сынып білім алушылары үшін дене тәрбиесінің мақсаты – олардың жан-жақты дамуына жағдай жасау болып табылады. Дене шынықтырудың құрамдас бөлігіне: мықты денсаулық, жақсы дамыған дене бітімі, қозғалыс қабілеттіліктерінің оңтайланған деңгейі, дене шынықтыру саласындағы алған білімдері мен дағды-машықтары, ішкі - сыртқы уәждемелері мен дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық іс - қызметтердің игерілген амал - тәсілдерімен (дағдыларымен) қоса, білім беру мекемелерінің дене шынықтыру сабақтарында өтетін спорт түрлерін, соның ішінде, ұлттық спорт түрлерін игеруді іске асыру кіреді.

Білім алушы жастар арасында ұлттық спорт түрлерін ұйымдастыру және өткізу бойынша осы әдістемелік ұсынымдарда, қазақтың ұлттық ойындарында көрініс беретін жеке тұлғаның дене және рухани жетілдіруіне бағытталған құндылықтық бағдарларды тәрбиелеу, дене жаттығуларымен жүйелі айналысуға деген қажеттіліктер мен ішкі-сыртқы уәждемелерді, рухани және күш-еріктік қасиеттерді, өзара ізгіліктік қарым-қатынастарды орнату, өз қатарластарымен араласу тәжірибесін қалыптастыру секілді, құндылықтарға баса мән берген абзал. Осылар арқылы ол алға қойған мақсат-міндеттерін орындайды.

Білім алушылардың физикалық қасиеттерін жетілдіруде және олардың дене жаттығуларымен өздігінше айналысулары үшін денсаулығын, дене және ақыл-ой жұмыс қабілеттілігін жоғары деңгейде қолдап тұруына арналған алынған білімдер мен дағды-машықтарды шығармашылық тұрғыдағы қолдану амал-тәсілдері мен әдістеріне үйрету қажет.

Бүгінгі қоғам дамуының білім саласындағы басты міндеттерінің бірі – жас ұрпақты тәрбиелеуде бәсекеге қабілетті мамандар даярлаудағы заманауи талаптар үдерісінен қалыс қалмау. Осы тұрғыдан алғанда, салауатты өмір салтын қалыптастыруда, әсіресе, халықтық педагогикадағы ұлттық спорт ойындарын оқыту үрдісіне енгізу мен пайдалану жөнінде ғылыми-теориялық, әдіснамалық, әдістемелік даярлық сапасын арттыру өзекті мәселе. Сондықтан салауатты өмір салтын қалыптастыру мен болашақ мамандарды даярлауда қоғамымыздың жаңа әлеуметтік тапсырыстары, ең алдымен мазмұнын, формалары мен әдістерін өзгертуді, екіншіден білім беру жүйесін жаңарту мен қайта құру қағидаларына сәйкес жаңа деңгейге көтеруді көздейді. Бұл болашақ мамандарды даярлауда оқыту үрдісінде оқушылардың сабақтан тыс уақытында ұлттық спорт ойындарын тәрбие құралы ретінде пайдалана білуге даярлығын қалыптастырудың аса көкейкесті мәселе екендігін дәлелдейді.

Бұл мәселенің ең алдымен теориялық-әдіснамалық негізін зерттеу мақсатында ғылыми еңбектер мен әдебиеттерге жасалынған талдауда «ойын», «ұлттық спорттық ойындары» т.б. ұғымдарына анықтама бере отырып олардың өзара байланысын жан-жақты ашып, сонымен қатар ұлттық спорттық ойындарын оқыту үрдісінде пайдаланудың әдістемелік негіздері қарастырылды. Ең алдымен орта білім беру мекемелерінде дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыруда мұғалімнің ұлттық спорттық ойындарды тәрбие құралы ретінде

пайдалануда «ойын», «ұлттық спорттық ойындары» ұғымдарының ғылыми-теориялық мазмұны мен олардың шығу тарихы туралы түсінігі болуы қажет. Мұндағы негізгі мәселе ұлттық спорт түрлері әлеуметтік-педагогикалық және қоғамдық құбылыс екеніне баса назар аударып, ойынның әр кезде және уақытта жалпы әлемдік маңызға ие болуында.

Қазақ халқының рухани мұралары кезінде қағазға түспей ауызша айтылып, ауыздан-ауызға ілініп, көпшіліктің құлағына жетіп игілігіне айналған. Ойын туралы пікірі де қағазға түспей ауызша айтылып, келе-келе ұмыт болған. Бүгінгі таңда өскелең ұрпаққа түсініктемелер емес, ойын ережелерінің өзі, олардың пайда болу тарихы, ұлттық көрініс рухында білім берудегі өзектілігі қажет. Сондықтан сонау орта ғасырлардағы қазақ халқы туралы жазбаларда халықтың этнографиялық зерттеулерінде ұлттық ойындар мен ойын-сауықтар туралы көптеген мәліметтер бар. Бұл ұлттық ойындардың әлеуметтік негізі мен мәні туралы мағлұмат бергенімен, педагогикалық тұрғыдан әлі толық анықталмаған. Тарихи деректерге сүйенсек, ұлттық спорт ойындарының әлеуметтік-педагогикалық маңызы туралы ілімнің дамуы туралы ой-пікірлерді білім беру мекемелерінде заманауи оқыту үдерісінің талаптарына сай келетіндей, кең мағынада алып қарауды қажет етеді.

Әлеуметтік-саяси тұрғыдан алғанда, бүгінгі таңда қазақ халқы ғасырлар тоғысында тәуелсіз мемлекет ретінде өзінің қоғамдағы саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени білім парадигмасы жүйесін әлемдік өркениетке ықпалдастыруда. Өйткені кез-келген тәуелсіз мемлекеттің рухани даму үрдістерінің өзіндік ерекшелігі, оның аумағында тұрған халықтардың бүгінгі өмірінен туындап, оның тарихи сабақтастығы және салт-дәстүрімен айқындалады. Сондай-ақ оның өткен өмірі із-түссіз жоғалып кетпей, ұлттық сана мен халықтық идеяда мәдени әлеуметтік құндылықтар жүйесінде белгілі ретпен жинақталады. Міне, сол ғасырлар қойнауында қорытылып, жинақталып қалыптасқан қазақ халқының ұлттық спорт ойындары туралы білімнің озық, өнегелі үлгілерін қазіргі таңдағы білім беру мекемелерінің оқу үдерісіне енгізе отырып, салауатты өмір салтын қалыптастыруда қолдану бүгінгі күннің басты міндеті болып отыр.

I. Жалпы білім беретін мектептердің оқу үдерісіне жас кезеңдері бойынша ұлттық спорт түрлерін енгізудің әдістемелік қажеттілігі мен пайда болу тарихы

Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жастарға үлгілі, өнегелі тәрбие беру – білім беру мекемелеріндегі қазіргі міндеттердің бірі. Білім алушыда жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке тұлғалық қатынасын (этикалық, эстетикалық, адамгершілік тұрғысынан) тәрбиелеу мақсатын халқымыздың мәдени рухани мұрасының, салт-дәстүрінің озық үлгілерін оның бойына дарыту арқылы жүзеге асыруға болады. Сол себепті, жалпы білім беретін оқу орындарының оқу үдерісінде физикалық қасиеттерін

дамытумен қатар, тәрбиелік құндылықтары мен халықтың салт-дәстүрлерін дәріптейтін, жас ерекшеліктеріне және материалдық құрал-жабдықтық сұраныс қажеттіліктеріне сай, соншалықты қаржылық шығындарды талап етпейтін ұлттық ойындарды енгізудің барлық (әлеуметтік, саяси, экономикалық және т.б.) аясын қамту, тәрбиелік тұрғыда ойындардың пайда болу тарихын оқыту – соңғы уақыттарда елімізде болып жатқан өзгерістерге сай болып келеді.

Көне дәуір зерттеушілерінің ғылыми еңбектері арқылы тарихтан білетініміздей, кез келген ойындар мен дене қимылдары ең алдымен, адамзаттың биологиялық түр ретінде өз-өзін қорғауын, ұрпағының көбеюін және еңбек пен күнкөріс қамынан басқа бос уақытта ермек ретінде қолданған. Яғни, ойын арқылы адамзат көне заманнан бері ішкі және сыртқы жаулардан қорғану, күнкөріс қамын жақсарту, жерді жаулап алу немесе қорғау, аң аулайтын немесе егін егетін аймағын, көбейту мақсатында қолданды. Бертін келе, шұрайлы жерлерге немесе көшпенді елде ең қажетті деп саналатын мал жайылымына талас секілді, тайпалық-рулық басымдыққа жету үшін әлеуметтік-тұрмыстық ара қайшылықтарды күшпен шешудің салдарынан адамның негізгі физикалық қасиеттерін жетілдіретін қимыл-қозғалыс әрекеттерін үйрену маңызды бола бастады. Соған байланысты, әр дәуірдің, заманның жауынгерлікке жақын ойын түрлері пайда болды. Бейбіт заманда бұл ойындар әр рудың, тайпаның ұл-қыздарының физикалық қасиеттерін байқауға арналған жарыстар түрінде өткізіліп жүрді. Мәселен, әлемдегі барлық халықтар секілді, қазақтың ұлттық ойындары: «Бәйге», «Көкпар», «Алтын сақа», «Хан талапай», «Қыз куу», «Тоғызқұмалақ» т.б. шабуылдық немесе қорғаныстық мақсаттағы жауынгерлік қимыл-қозғалыстардан басқа, балалардың бейбіт кезеңде еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін арттыратын.

Заман өткен сайын, ойын түрлері ізгіленіп, олардың басым көбі жарыстық жағдайда өткізіле бастады. Дана халқымыз ойынды – адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе деп бағалады.

Орыстың белгілі педагогі В.И.Сухомлинский: «...Өскелең ұрпақты толыққанды тәрбиелеуде ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды...», – дейді. Демек, халықтық ойындар арқылы шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы байи түседі.

Оқу үрдісінде ұлттық ойын элементтері білім алушылардың жас ерекшеліктерімен қоса, сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай қолданылады. Дене шынықтыру мұғалімі ұлттық ойын түрлерін таңдағанда сыныптардағы психологиялық хал-ахуалды да қаперіне алған жөн. Сонда ғана оның білімдік, сауықтыру мақсаттарымен қоса, танымдық, тәрбиелік маңызы да арта түседі. Қазақтың ұлттық ойындарының тәрбиелік маңызы мынада: ол баланың бойында зеректік, білгірлік, дене қасиеттерін жетілдірумен қатар, отансүйгіштікке, ізгілікке, үлкендерді сыйлай білу және басқа да адами қасиеттерге баулиды.

Сонау патшалы Ресей кезінде-ақ қазақтың белгілі ғалым ағартушылары А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин халық ойындарының балаларға

білім берудегі тәрбиелік мәніне аса көңіл бөліп, өткен ұрпақтың дәстүрі мен салтын құрметтеп, адамдардың ойы мен іс-әрекетін танып түсінуде жастардың эстетикалық, адамгершілік ой талабының өсуін, оның атқаратын қызметін жоғары бағалай білді. Олар жастардың ойлауының эстетикалық және адамгершілік қажеттіліктерінің өсуін, оның рөлін жоғары бағалауға, білімге, мәдениетке, тәрбиеге, оның ішінде дене тәрбиесіне ұмтылатын адамдардың ойлары мен іс-әрекеттерін мойындауға, түсінуге шақырды.

Ежелден дәстүрлі ойындарда халықтың өмір сүру әдісі, тұрмыс-тіршілік еңбегі, ұлттық дәстүрлері, батырлық-батылдық туралы түсінігі, адалдыққа, күштілікке ұмтылуы, шыдамдылық, т.б. құндылықтарға мән берілуі – қиын кезеңде өмір сүрген халықтың данышпандығының белгісі.

XX ғасырдың басында өмір сүрген этнограф М.Гуннер қазақтың ұлттық ойындарын былайша жіктейді:

Жалпы ойындар;

Қарсыласу мен күресу сипатындағы ойындар;

Ашық алаңқайдағы ойындар;

Қыс мезгіліндегі ойындар;

Мерекелік ойындар немесе демалыс уақытындағы ойындары;

Ат үстіндегі ойындар;

Аттракциондық-көрініс ойындар.

Қазақтың ұлттық қозғалыс ойындарын спорттық ойындардан ажыратып, алғаш рет бөліп қараған ғалым М.Гуннер қазақ ойындарына топтамалық жіктеу жасай отырып, ұлттық ойындарды оқу үрдісінде пайдалануға ұсыныс жасайды.

Қазақтың ұлттық спорт түрлері – халқымыздың өмірімен бірге дамып келе жатқан мәдени жетістіктерінің маңызды бір саласы. Қазақ халқының аталған спорт түрлері 1920-1930 жылдар аралығында қазіргі заманға сай бір жүйеге келтіріліп, олардың түрлері бойынша арнайы спорт жарыстары өткізіле бастады. Оған жергілікті жерлерде: ауыл, аудан, облыс көлемінде ұйымдастырылған үйірмелер мен секциялар негіз болды. 1938 жылы Алматыда колхозшылардың республикалық спартакиадасы өткізілді, ал 1944-1947 жылдар аралығында қазақтың ұлттық спорт түрлерін тұтас қамтыған жеке-жеке жарыстар ұйымдастырылды. Осы кезден бастап Қазақстанда қазақтың ұлттық спорт түрлері басқа әлемдік спорт түрлерімен қатар дамып, халқымыздың денсаулығын нығайтуға икемді де епті, күшті де төзімді болып өсіп жетілуіне зор пайдасын тигізіп келеді. Ұлттық спорт түрлері ойындарының өте кең тараған түрлері: «Қазақ күресі», тоғызқұмалақ, асық ату, ат спорты ойындары (көкпар, аударыспақ, бәйге, қыз қуу) сияқты ойын түрлері көне заманнан осы заманға дейін халықпен бірге жасасып келеді.

Ұлт ойындары ертеден-ақ жалпы этнографиялық әдет-ғұрыппен бірге дамып, жетіліп, ендігі жерде өз алдына бір бөлек зерттеуді керек ететін қазақ этнографиясының бір бұтағы болып саналады.

Қазақ этнографиясының күдіретті бір тармағы ретінде ұлттық ойындарының дамуы тек қоғамның өзгеруіне байланысты әлеуметтік-экономикалық жағдайдың негізінде дамып отыр.

Күрестің ұлттық түрі – қазақ күресі. Қазақ күресінің даму тарихы тереңде жатыр. Қазақ халқының өмір сүру салты көшпенді тұрмысқа бейімделгендіктен, күнделікті іс-әрекетінің өзі өмір сүру үшін күрес болды. Тарихқа көз жүгіртсек көшпенді тайпалардың түп атасы сақ, ғұн, түркілер дәуірінде садақ атудан, ат үстінде найзаласудан тағы басқа дәстүрлі сайыстар өтетіні жайлы нақты деректер бар. Ата-бабаларымыздан қалған жекпе-жек сайыс өнерінің бірінде қазақ күресінің өзіндік орны бар. XX ғасырдың басына дейін ел ішінде күрестің бірізді жүйеленген тәртібі болған жоқ. Сондықтан да әрбір өңірде күрес ішкі ерекшеліктерін сақтай отырып, қалыптасқан.

Қазақ күресінің ғылыми жүйеленуі 1920 жылдан басталған. 1936 жылы Семей қаласында қазақша күрестен Қазақстан чемпионаты өткен. «Қазақ күресі» бойынша бірінші ірі жарыс 1938 жылы ауыл шаруашылығы аудандары арасындағы спартакиада аясында өткізілді. Сол сәттен бастап жарыс дәстүрлі түрде республика қалаларында тұрақты өткізіліп отырған.

Қазақ күресінде лақтыру, шалу, жата тастау, арқалай тастау, қол байлап күресу, салмақпен басу, тіресу, ашадан алу, аяқтың басымен іліп тастау, жамбасқа алып иіре лақтыру, белінен қысып, тірсектен шалу сияқты әдістердің бәрін де қолдануға болады. Ойынның ережесі бойынша жатып күресуге болмайды. Қимыл үстінде адамға зақым келтіре күш жұмсауға, дөрекілік жасауға болмайды. Күрес бір жақтың талассыз жығылуымен және жауырыны жерге тигізілуімен аяқталады. Адамның ептілігі мен жылдамдығы, шымырлығы мен ой жүйріктігі басым палуандар жеңіске жетеді. Бұл күні палуандар тек алпауыт алпамсадай азаматтар ғана емес, орта салмақты, арықша келген азаматтарда болады. Себебі мұнда ең бастысы сенің жігерің мен ұмтылысың.

Қазақ тарихында жауырыны жерге тимеген батыр аталарымыз да жоқ емес. Аттың ертоқымсыз құлағында ойнап, ерлігімен, батырлығымен, батылдығымен, палуандылығымен көзге түскен. Махамбеттей ер тұлғалы батырлар, Балуан Шолақ сынды ат үсті ойынының түрлі тәсілдерін меңгерген, күш өнерін көрсеткен спортшы, жауырыны жерге тимеген палуан, қазақ елін әлемге танытқан Қажымұқандай аталарымызды айтпау мүмкін емес.

1990 жылдары атақты балуан Әбілсейіт Айханов ағамыз өзі бас болып Қазақ күресі (ол жылдары «Қазақша күрес» деп аталатын) ережесін жазып, ол ереже 1990-1995 жылдарға дейін қолданыста болды. Одан кейін күрес ережесін жетілдіріп, қазіргі палуандар киіп күресіп жүрген күрес киімінің негізін жасаған тағы бір азамат – Елемес Әлімханов. Бұл кісінің де Қазақ күресіне сіңірген еңбегі зор. 2002 жылдардан бастап осы күрестің қыр-сырын білетін Бауыржан Жаналин, Марат Жақитов, Діқанбай Биткөзов сияқты мамандар қазір қолданыста жүрген ережені дүниеге әкелді. 2004 жылы Берлин қаласында өткен Дүниежүзі қазақтарының кіші құрылтайында «Қазақ күресі» бойынша халықаралық федерация құрылып, оның басшысы болып Серік Төкеев сайланды. Осы уақытқа дейін бірнеше рет халықаралық деңгейде ірі жарыстар өткізілді.

Көптеген ғалымдардың, әдіскер-мұғалімдердің, мамандардың және басқа да білім беру мен тәрбие саласында елеулі ғылыми, оқу-әдістемелік еңбектері бар қайраткерлердің есімдерін атап өту керек, олардың шығармашылық,

жанашылдық, елжандылық тұрғыдағы туындылары Кеңес Одағы заманында ұлттық ойындардың маңызын, қажеттілігі туралы болды. Мысалы, М.Жұмабаев қазақтың ұлттық ойындарын халық мәдениетінен бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдаса, ұлттық ойындарды зерттеген авторлар қатарында М.Тәнекеев, Б.Төтенаев, М.Балғымбаев, Ә.Бүркітбаев, т.б. аталмыш ойындарға сипаттама берумен қатар, сол уақыттағы заман талаптарына сай, оларды оқытудың өздігінше әдістемелерін ұсынып жатты.

Әсіресе М.Тәнекеевтің қазақтың ұлттық және дәстүрлі ойындарын зерттеген деректерінің өзі жеке мәселе. Оның негізгі еңбектері Қазақстандағы спорт пен дене тәрбиесі саласына арналған. Ең бастысы, ол дене тәрбиесінің халықтық педагогикасы сияқты көкейтесті мәселесінің негізін қалаған. М.Тәнекеевтің авторлығымен шыққан алғашқы туынды «Казахские национальные виды спорта и игры» (Алматы, 1957). Бұл зерттеуінде ізденуші қазақтың «Тоғызқұмалақ» ойынының ереже тәртіптерін таразылап, халық ойынының қажетті жақтарын ашып, сонымен қатар басқа да ұлттық қозғалмалы, спорттық ойын түрлеріне тоқталып, анықтама беріп, жіктеп, құнды мұрағат деректеріне сүйене отырып, ғылыми сараланған пікірлер айтады.

Ғалым негізінен Қазақстандағы Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде дене тәрбиесі мәдениетінің дамуын талдай отырып, тарихта тұңғыш рет, дене мәдениеті мен спорттың екі даму бағытын қара халықтық және ақсүйектік деп көрсете, оны формациялық әдістемеге сүйеніп, яғни, таптық тұрғыдан қарастырады.

Ә.Бүркітбаевтың авторлығымен 1985 жылы жазылған «Спорттық ұлттық ойын түрлері және оның тәрбиелік мәні» жинағында ұлт спорты түрлері мен ұлттық спорт ойындарының балалардың күнделікті өміріндегі алатын орны, тәрбиелік маңызы және ат спорты мен ұлттық ойындардың ережесі қарастырылса, М.Балғымбаевтың «Қазақтың ұлттық спорт ойыны түрлері» (Алматы, 1985) атты еңбегіндегі ат спортына қатысты бәйгеден бастап жорға жарыс, аударыспақ, жамбы ату, аламан бәйге, т.б. жарыс түрлеріне салыстырмалы талдау жасалады.

Е.Сағындықовтың авторлығымен жазылған ғылыми монография «Ұлттық ойындарды оқу-тәрбие ісінде пайдалану» (Алматы, 1993) деп аталады. Ғылыми еңбекте қазақ мектептерінде І-ҮІ сыныптарда қазақ халық ойындарын жекелеген жіктеулерге топтап, оны сабақта және сабақтан тыс денешынықтыру-спорттық, тәрбие жұмыстарында қолдану әдістері анықталып, қазақ халық ойындарына педагогикалық талдау жасалып, оқу үрдісінде пайдалану қажеттілігі негізделеді.

Белгілі ғалым Б.Төтенаев «Қазақтың ұлттық ойындары» (Алматы, 1994) атты еңбегінде қазақ ойындарын бірнеше топқа бөліп, ойын шарттарын жазып, жастар үшін тәрбиелік мәнін зерделеп, ойын білдірген. Сабақта және тәрбиеде, яғни балабақшалар мен бастауыш мектептерде ұлттық ойынды ұтымды пайдаланса, алдымен еңбекке баулу және дене шынықтыру пәндерінде оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру шарттары теориялық тұрғыдан негізделсе, онда оқушылардың білімге деген құштарлығын

арттыруға және халықтың асыл мұрасын бойына сіңіріп, ұлттық сананы қалыптастыруға болады.

Бала өміріндегі ұлттық және спорттық қимыл-қозғалыстың және ойынның алатын орны, формасы және мазмұны үлкен адамның тұрмыстық күйімен, еңбек түрімен және мазмұнымен салыстырылса, қаладағы қажеттіліктің бір тұсы адамды дағдыға үйрету екендігін байқаймыз.

Еліміздің егемендік алуы Қазақстандағы дене шынықтыру, ұлттық ойындар мәселесіне басқаша сын көзбен қарауды талап етеді. Осы орайда соңғы жылдары біздің қарастырып отырған ізденіс тақырыбымызға орай бірнеше ғылыми еңбектер жарық көрді. Мәселен, Е.Мұхиддинов қазақтың ұлттық ойындарын дамыған қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық құрылыммен байланысты қарастырды.

Кез келген мемлекеттің әскери күші осал болса, сол мемлекет уақыт өте келе, өзінен күшті, қуатты державаның қол астына өтіп, тәуелді болады: бұл – адамзат тарихының пайда болғанынан бері келе жатқан, талай рет дәлелденген тарихи шындық. Небір елдер өздерінің әскери, саяси, экономикалық т.б. әлсіздігінің кесірінен, одан қуатты көршілес мемлекеттердің вассалы болған. Бұның түбін қарасақ, кез келген мемлекеттің әскери күші – сол елдің әскерге шақырылатын жастарының денсаулығының мықтылығында. Өз кезегінде, олардың денсаулығы мықты болу үшін, дене қасиеттерінің жүйелі де, заманауи әдістемелік қағидаларының қуатты болуы қажет. Ал, оның қуатты болуы, сөз жоқ, ұлттық ойындардың зор ықпалының арқасында болмақ.

Білім алушылардың патриоттық-рухани тәрбиесін ұлттық тұрғыда одан әрмен ұштау, әрі қазақтың ұлттық ойындарының жастар арасында елжандық қасиеттерін дамытушы мақсатында суреттейтін, мысал ретінде заманымыздың көрнекі жазушысы Болат Жандарбековтың «Томирис патшайым» романынан алынған мына үзіндіні келтірсек:

«...Парсы патшасы Кирдің қол астына қызмет етуге келген Рүстем батырдың ойы – «...жер жүзін жаулап алуға ниеттенген Кир патша келесі кезекте жаулап алуға қайда барады екен? Жер жағынан өзіне жақын Египет жеріне ме, әлде алыстағы беймәлім Сақ жеріне ме?», оның алға қойған мақсаты - осыны біліп, алдын алу еді...

...Парсы әскерлерінің кезекті жеңісін тойлауға келген Рүстем батыр өзінің жасақтарымен Кир патшаны қарсы алуға шығады. Сақтардың ержүрек жауынгер, қандай да болмасын, қиын сәттерде жеңіске жететін, қайтпас мінезді әскери батылдығын сырттай естіп жүрген Кир патша оларға өздерінің әскери өнерін көрсетуді бұйырады. Алғашында, парсы қолбасшылары қанша қолқа салса да, міз бақпай тұрған Рүстем батыр өзінің кішкентайынан бірге өскен досы, әрі кеңесшісі: «Сақтардың қандай мерген жауынгер екенін көрсет», деген соң барып, атын ойнатып, ортаға атойлап шығады. Бос уақыттарында бірі-бірімен шоқыстырып, ермек етіп ойнауға алып жүретін бөденелерін даярлап, сақ сарбаздары да сол кезде Рүстем батырдың берген белгісі бойынша, алаңның төрт жағынан тұрып алып, төрт бөденені аспанға бір мезгілде ұшырып жібереді. Сақ жауынгерлеріне менмендікпен, тәкаппарлықпен менсінбей, жайбасарланып,

бейпілдене қарап тұрған Кир патша мен оның қол астындағы дүйім халқына «Мергендіктің қандай екенін көрсетейін» дегендей Рүстем батыр атымен екпіндетіп шауып бара жатып, садағымен үш бөденені де кезекпен атып түсіреді. Төртінші бөденені құйғытып шауып келе жатқан бетінен кілт тоқтап, аты ауыздығын шайнай көкке орғи, артқы аяқтарымен тұра қалғанда, садақ оғын әуеге тартып жібергенде, аспандағы алысқа қанат қаға ұшып кеткен құс көзге көрінбей қалған еді. Сәл мезеттен соң, садақ оғы тиген соңғы бөдене жерге топ етіп түскенде, алдында сілтідей тынып тұрған халық алаң басын азан-қазан етті. Әншейінде, қимылсыз тұрған жамбыға садақ оқтарын әзер дегенде дөп тигізетін парсы сарбаздары осы көріністен кейін ауыздарын ашып, мелшиіп қалды. Төрт бөдененің де бірінен соң бірі жерге топ етіп түсуі, алаңда тұрған халық пен сарбаздар түгілі, Кир патшаны өте тебірентті, ол Рүстем батырдың мергендігіне тәнті болып тағзым етіп, «Бұдан былай менің өкіл бауырым боласың» деп, құшағына алды...».

Осындай жауынгерлік рухы күшті, қайтпас та қайсар бабаларымыздың ұрпақтары, біз, қазақ елінің абыройы мен даңқын одан әрі арттыра беруіміз керек. Өскелең ұрпаққа еліміздің тәуелсіздігі қандай қиын жолмен келгенін, енді бабаларымыз аманат етіп кеткен кең-байтақ жерімізді тас-түйін ұстап, шашыратпай, досқа құшақ жая, дұшпанды жер жастандыра, бірлігімізді сақтап қалуымыз керек. Оған, әрине, ұлттық ойындардың берері, әрі қосар үлесі мол.

II. Қазақстан Республикасының өңірлік, климаттық-географиялық, жас ерекшеліктерін есепке ала, ұлттық спорт түрлерін оқу бағдарламасына іріктеу және орналастыру әдістері

2.1. Білім алушыларды ұлттық спорт түрлеріне оқыту, үйрету арқылы физикалық қасиеттерін жетілдіруде және олардың дене жаттығуларымен өздігінше айналысулары үшін денсаулықтарын, дене және ақыл-ой жұмысқа қабілеттілігін жоғары деңгейде қолдап тұруына арналған алған білімдері мен дағды-машықтарын шығармашылық тұрғыда қолдану амал-тәсілдері мен әдістеріне үйрету қажет. Оқу сабақтарының бағдарламалық материалының мазмұны екі негізгі бөлімнен тұруы қарастырылған: базалық (инвариантты) және вариативті (вариативтік немесе дифференцияланған). Білім беру мекемелерінде әдістемелік, экономикалық, аймақтық және климаттық-географиялық ерекшеліктерін толық есепке ала, аталмыш оқу орындарындағы спорт түрлері арқылы дене шынықтырудың базалық негіздерін игеру әрбір білім алушы үшін объективті түрде қажет және міндетті. Базалық құрауышсыз білім алушының адами қоғамдағы өмірге деген нәтижелі бейімделуі мүмкін емес, болашақта қай салада айналысса да, оған тәуелді емес еңбек іс-қызметін әсерлі де, тиімді іске асыра алмайды. Базалық құрауыш, яғни, оны ядро деп те атайды, мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттары бойынша дене шынықтыру саласында білім алушының аймақтық, ұлттық, климаттық-географиялық және жеке ерекшеліктеріне тәуелді емес негізін құрайды.

Осы мақсаттарға жету барысында білім алушының алдымен келесі негізгі міндеттерді шешуін қамтамасыз еткен жөн:

- денсаулықты одан әрі нығайту, оңтайлы дене дамуына ықпал жасау;
- өмірлік маңызды қимыл-қозғалыс дағды-машықтарына әрі қарай үйрету;
- қозғалыс (кондициялық және үйлесімдік) қабілеттіліктерін дамыту;
- дене шынықтыру және спорт түрлері бойынша қажетті білімдерді алу;
- дене жаттығуларымен өздігінше айналысу қажеттілігі мен дағдыларын тәрбиелеу, оларды демалыс, жаттықтыру, жұмысқа біліктіліктерін жоғарылату және денсаулықты нығайту мақсатында саналы түрде қолдану;
- рухани және күш-ерік қасиеттерін тәрбиелеуге, жеке тұлғаның психикалық үдерісі мен құрамдас қасиеттерінің дамуына ықпал жасау;
- дене жаттығуларының күрделі әдістерін одан әрі меңгеруде өз-өзіне деген сенімділігін жоғарылату.

Ұлттық спорт ойындарындағы дене жаттығуларымен айналысудың қайсы бір түрлері болмасын (сабақтық, сабақтан тыс және мектептен тыс) түрлерін біріктіретін дене тәрбиесінің жүйесі білім алушы үшін тек дене қасиеттерін ғана емес, сонымен бірге, рухани қабілеттіліктерін, отансүйгіштікті, оның өзін-өзі анықтауын ашатын және дамытатын барынша оңтайлы да, жақсы жағдайлар жасауы керек. Осыған байланысты, дене тәрбиесі жүйесінің одан әрі дамуы қағидаларының негізіне жеке тұлғалық және іс-қызметтік қалыптардың дамуы, оқу-тәрбие үдерісін оңтайландыру мен қарқындату идеялары жатуы қажет.

Дене тәрбиесінің міндеттерін шешу барысында мұғалім өз іс-қызметтерін басым жағдайларда, қазақтың ұлттық ойындарында көрініс беретін жеке тұлғаның дене және рухани жетілдіруіне бағытталған құндылықтық бағдарларды тәрбиелеу, дене жаттығуларымен жүйелі айналысуға деген қажеттіліктер мен ішкі-сыртқы уәждемелерді, рухани және күш-еріктік қасиеттерді, өзара ізгілікті қарым-қатынастарды орнату, өз қатарластарымен араласу тәжірибесін қалыптастыру секілді, құндылықтарға баса мән бергені абзал. Осылар арқылы ол алға қойған мақсат-міндеттерін орындайды.

Ұлттық ойындарды үйретуде физикалық қасиеттерінің дамуының сенситивті кезеңдері – белгілі бір физикалық қасиеттерінің барынша өсу кезеңдері болғандықтан, бағдарламалық материалды бекіту және жетілдіру үшін ұлттық ойындар мен жаттығуларды таңдау кезінде аталмыш кезеңдерді ескеру қажет.

Қазақ халқы көнеден бері келе жатқан материалдық мұраларға қоса мәдени қазыналарға да аса бай халықтардың бірі. Сондай қомақты дүниелер қатарына ұлттық ойындар да жатады. Ауа-райы, әр аймақтың жергілікті өңірлік-географиялық және білім беру мекемелеріндегі жас ерекшеліктерді есепке алғанда, ұлттық ойындардың да сан алуан болуы соған байланысты болмақ. Жоғарыда көрсетілген әр ерекшеліктерге сипаттама беру үшін, еліміздегі кең-байтақ жеріміздің кеңдігінен бастасақ болар.

Әлемде жер аумағы жағынан 9 - орын алатын Қазақстан Республикасы ауа-райы-географиялық тұрғыда: Оңтүстік, Солтүстік, Шығыс, Батыс және Орталық Қазақстан болып, шартты түрде 5 аймаққа бөлінеді. Аймақтардың Оңтүстігі

субтропикалық, тропикалық және экваторлық ауа-райына ұқсас болғандықтан, қысы жылы, қары мен аязы болмайды десе де болады, жаздың аптап-ыстық кезінде отсыз жұмыртқа, тіптен, аз-мұз тамақ пісіруге болады, аймақтың біршама бөлігі шөл және шөлейтті жер боп табылады. Солтүстік аймақ жаз айларында да өзіндік бір қоңыр салқыны бар, мамыражай, жауын-шашыны көп, есесіне қыстың күнгі аяздардан ағаштардың жарылып кетіп, қазан айының аяғынан мамыр айының басына дейін қар жататын өзіндік климаты бар өңір. Шығыс аймағы қысы қатты, көктемі кештеу шығатын, жазы қоңырсалқын, күзі жаңбырлы өңір. Батыс аймақ жер бедері мен өңірлік өзіндік климаты болғандықтан, біршама бірыңғай деп айтыла қоймайды. Өңірдің солтүстігінің басым көп жерлері Сібірге ұқсас, қысы қатты, жазы масалы, ал оңтүстік жағында шөлейтті жерлері басым, тұзды, сор боп келетін жерлерінде жазғы аптап Оңтүстіктен кем түспейді, Каспий теңізінің жағалау микроклиматының өзгеше болуынан, аймақтың ауа-райы алуан түрлі. Орталық аймақ таза континенталды болғандықтан, ыстық жаз бен үскірікті, қатты қыс болатын өңір. Оңтүстіктен басқа өңірлердің жергілікті ауа-райына қатты оң немесе теріс әсер ететін аса биік дейтіндей таулар жоқ. Биік шоқы, үстірт, қырлар жергілікті климатқа онша әсер бере қоймайды.

Ауа райы мен еліміздің барлық аймақтары мен өңірлерінің географиялық ерекшеліктеріне ерекше тоқталып жатқан себебіміз: дене шынықтыру сабақтарының оқу үдерісін жоспарлауда оқу бағдарламасы бойынша білім беру мекемелерінде өтілуге міндетті спорт түрлерінен берілген базалық немесе баламалы (вариативті) құрауыштарын бірқалыпты бірдей жасақтағанмен, бүкіл оқу жылы бойы жергілікті ауа райының ерекшеліктерін әр жерде өздігінше есепке алмаса болмайды. Құзіретті органдардың стандартты түрде берілген оқу бағдарламасы барлық жерлерге бірдей өкілеті бола бермейтіндігін есте ұстаған жөн. Себебі, құзіретті органдардың жасақтаған мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру бағдарламасы барлық білім беру мекемелерінің дене шынықтыру сабағын 100% толықтай, соның ішінде, ұлттық спорт түрлері бойынша спорт секцияларын жүргізуге мүмкіндіктері келе бермейді. Кей жерлерде баяғы кеңес уақытында білім алып, көздеріне стандартты, классикалық спорт түрлерінен басқа спорт бөлімдері көрінбейтін, заман ағымына қарай жаңа спорт түрлерін қабылдауға құлқы жоқ, селсоқ немесе өз спорт түрлеріне «қатып» қалған, ұлттық ойындарға өзіндік көзқарастарын қалыптастырып алған дене шынықтыру мұғалімдері жетерлік.

Сол спорт түрлері ішінде, ұлттық спорт түрлерін де жергілікті ауа-райы ерекшеліктеріне, салт-дәстүріне, менталитетіне сәйкес, мұғалімнің біліктілігі мен спорттық мамандығы, оқыту және өткізу әдістемесіне баса мән бере, өткізген абзал. Еліміздің баспа құралдарында, ғылыми басылымдарында ұлттық ойындар түрлеріне байланысты шығып жатқан, қолданыстағы оқу, әдістемелік, ғылыми еңбектердің, мақалалар мен кітаптардың саны баршылық. Дегенмен, стандартты түрде берілген, еліміздің барлық өңірлеріне аттары белгілі ұлттық ойындардан басқа, жергілікті менталитетке бейім, тұрмыс-салт пен ауа-райын есептей өткізілетін, нақты физикалық қасиеттері мен дене бұлшық еттерін дамытатын

ұлттық ойындар да баршылық екенін еске салғымыз келеді. Дана халқымыздың ішінде тұнып тұрған тұрмыс-салттық, қозғалмалы, зейінге, ақыл-ойға арналған зияткерлік және басқа да ойын түрлері жеткілікті.

2.2. Бүгінгі замандастарымыз бен болашақ ұрпақтарымыздың оларды оқып үйреніп, өздерінің кім екендіктеріне барлау жасауына, ата-бабаларының психологиялық болмысы мен ойлау жүйелеріне зер салуына, көздеген мақсаттарына саралап, жете білулеріне, дәстүрлер жалғасын өрістетіп, өткен мен бүгінгіні байланыстыра білулеріне, сөйтіп, мәңгірттік атаулыға тосқауыл қоюларына ұлттық ойындар септігін тигізеді. Ұлттық ойындар халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына үйлесімді жасалғандай әсер береді. Олай дейтініміз, ойындардың көпшілігі сол көшпелі тұрмысқа лайықтатып, арнайы материалдық әзірліксіз ойнала беретіндігінде ғана емес, сонымен бірге халықтың психологиялық ерекшеліктеріне де байланыстылығында. Ойын барысында бала өзінің назарын қимылды орындау әдісіне емес, мақсатқа жетуге аударады. Ол ойын шартына бейімделіп, ептілік көрсетіп, сол арқылы қимылды жетілдіріп, мақсатты әрекет етеді. Балалар ойын арқылы шынығып, өзінің ойындағы табиғи дарынын шыңдай түседі. Ойынға халық ерекше мән берген. Сондықтан халық оған тек ойын-сауық, көңіл көтеретін орын деп қана қарамаған. Ең бастысы – ел қорғауға қабілетті болашақ қайраткер болсын, батыр болсын, өзінің осы қабілетін шаршы топтың алдына, баршаға тең еркін бәсекеге жеңіп алуға тиіс болған. Сондай-ақ талапты жас ойын өнеріне жасы үлкен, танымал ұстаздан үйреніп, жаттығатынын, аянбай тер төгетінін байқаймыз. Осылайша ұлттық қимыл-қозғалыс ойындары осылайша атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып, халықтың дәстүрлі шаруашылық, мәдени, өнер тіршілігінің жиынтық бейнесі де, көрінісі де болған.

Ойын өнер ретінде әдебиет пен мәдениеттің сан алуан түрлерімен қабысып, бірін-бірі толықтырып, байыта түседі. Өзінің өлең-жырларында халық ойынды тәрбие құралы деп танып, оның бойындағы жастарды ойландырып, толғандыратын қасиеттерін аша түседі. Ойын тек жас адамның дене күш-қуатын молайтып, оны шапшаңдыққа, дәлдікке, ептілік пен икемділікке т.б. ғана тәрбиелеп қоймай, оның ақыл-ойының толысуына, есейіп өсуіне де пайдасын тигізеді.

Күн сайын дүниеге келіп жататын сәбилердің қиялын қозғап, сезімдерін аялайтын, денеге қуат, жанға саулық беріп, рухани азық болатын да – осы қимыл-қозғалыс ойыны. Қимыл-қозғалыс ойынында бала назар аудару және бұлшық еттің ширығу дәрежесін реттеуді үйренеді: ойынның қалыптасқан түрлеріне байланысты ол қимылды тынығумен алмастыра алады. Бұл оны бақылағыштыққа, тапқырлыққа тәрбиелеуге, қоршаған ортадағы жағдайдың өзгеруіне қарап бағдар белгілеу, қалыптасқан жағдайдан жол тауып шығу, тез шешім қабылдап, оны жүзеге асыру, батылдық, ептілік, мақсатқа жетудің өзіндік әдісін таңдау секілді, қабілетін қалыптастыруға көмектеседі. Міне, ойын дегеніміз – тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, адамға қиялы мен қанат бітіретін осындай ғажайып нәрсе, ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы. Ұлттық қимыл-қозғалыс ойындардың сауықтыру,

тәрбиелеу және білім беру маңызы сан-салалы, бірақ, іске асыру үшін мұғалімнің шығармашылық көзқарасы және педагогтік шеберлігі қажет.

Өскелең ұрпақтың тәрбиесіне мол үлесін қосатын ұлттық ойындар өзінің бастауын халықтық педагогиканың тұңғығынан алады. Қазақтың ұлттық ойындары ерлік, өжеттілік, батылдық, ептілік, шапшаңдық, тапқырлық, табандылық сияқты т.б. мінез-құлықтық ерекшеліктерімен бірге, күш-қуаты молдығының, білек күшінің, дененің сомданып шығуын қажет етеді. Сонымен бірге бұл ойындар әділдік пен адамгершіліктің жоғары қағидаларына негізделген. Қазіргі кезеңде, өскелең ұрпақтың заман ағымына орай, қимыл-қозғалыстары азжөм, дене қимылдарын өздігінен жасауға құлықтары жоқ, заманауи технология жетістіктерін (ұялы телефон, гаджет, планшет және т.б.) шектен тыс қолдануы денсаулықтарына зиянын тигізуде. Соған орай, авторлардың пайымдауынша, ұлттық ойындар, аталмыш зиянды әдеттерден арылуға септігін тигізіп, білім алушылардың бойында ізгілікті, адамгершілікті, дәстүрлі тұрмыс-салттық тәрбиені өн бойына енгізеді, деген сенімде.

Қазақ халқының ұлттық ойындары елдің өмірімен тығыз байланысты, оның шаруашылық, экономикалық, әлеуметтік тұрмысынан туған. Оның тәрбиелік маңызы аса жоғары, әрі құнды. Қазақ халқының өмірінде ойын араласпаған бірде-бір тұрмыс немесе шаруашылық саласы жоқ десе де болады.

Оқыту мен оқуда ұлттық ойындарды жас ерекшеліктеріне қарай топтастырамыз. 1-4 сынып білім алушылары үшін баланың физиологиялық жас ерекшеліктеріне қарай әр сыныптың оқу мақсаттары оңайдан қиынға қағидаты бойынша күрделеніп отырады. Білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау деңгейлеріне сай ойындар жалпы түсінік беруден басталады. Білетін ойынын түсініп, талдап, ойын барысында қолданып үйренеді. Үйренген ойындарын басқа балаларға да жүргізе отырып, ойын барысында шешім қабылдай алады. Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай зейінін тұрақтандырып, ойлау қабілетін дамытатын, шыдамдылыққа, төзімділікке, ұстамдылыққа баулитын ойын түрлерінен бастаған жөн. Сөздік қоры, логикасы, сыни ойлау қабілеттерін де дамытуға бағытталған ойын түрлері бар. Ұлттық ойындарды оқытуда нәтижеге жету үшін оқу мақсаттарына қарай қолданған дұрыс.

1-сыныпта «дене шынықтыру үрдісінде ұжымдық жұмысты білу және түсіну», «дене даярлығы кезінде өз мүмкіндігін анықтау», «шығармашылық міндеттерді білу және түсіну», «ойын әрекетінде қарым-қатынас дағдыларын қолдану» мақсаттарына жету үшін ойын түрлерін қолданамыз. Баланың жас ерекшеліктерін ескеріп «Белбеу тастау» (зейінді тұрақтандыру, ептілік, бұрылыстардан жүгіруді білу, жылдамдық сапасын арттыру), «Қазан» (ептілікті пен дәлдік), «Арынды арқан» (ептілік, секіру, қырағылық, жылдамдық), «Аттамақ» (ептілік, қырағылық, айналаны бағдарлау), «Дауысымнан таны» (қырағылық, көздің көмегінсіз бақылау), «Асық ату» (мергендік, ептілік және төзімділік), «Бес тас» (ептілік, тепе-теңдік), «Теңге алу» (жылдамдық, ептілік), «Тымақ ұру» (ептілік, дәлдік, қозғалысты үйлестіру) секілді, және дене қасиеттерін дамытумен қатар, ақыл-ой, сана, зеректік, зияткерлік сынды, өскелең

ұрпақты одан әрмен жан-жақты жетілдіретін қазақ халқының басқа да қимыл-қозғалыс ойындарын ұсынамыз.

2-сыныпта «бір-бірімен қарым қатынас жасау үрдісінде адал бәсекелестікті түсіну», «үй-мектеп» жағдайында дене дярлығының мүмкіндігін түсіну», «шығармашылық тапсырмаларды қолдану» мақсаттарына сәйкес, 2-сынып білім алушылары үшін 1-сыныптағы білетін ойындарын күрделендіріп, «Белбеу тастау» (қырағылыққа тәрбиелеу, ептілік, бұрылыстарда жүгіре білу, жылдамдық), «Жаяу тартыс» (күш, жеңіске деген ерік, спорттық күрес дағдылары), «Даусымнан таны» (қырағылық, көздің көмегінсіз бақылау), «Аттамақ» (ептілік, қырағылық, айналаны бағдарлау), «Тоғызқұмалақ» (ептілік, логикалық ойлау, байқампаздық, зейін, жылдам шешім қабылдау, ұлттық құндылықтарды дарыту), «Асық ату» (дәлдік, ептілік), «Хан талапай» (дәлдік, ептілік, жылдамдық), «Бес тас» (ептілік, жылдамдық), «Соқыр теке» (ептілік пен икемділік, жылдамдық.) «Айдаһар» (ептілік, икемділік, жылдамдық, қозғалыс), «Орамал тастау» (ептілік, тез шешім қабылдау, икемділік, шыдамдылық, шығармашылыққа үйрету, тығырықтан шығу) және басқа да ойындарды ұсынамыз.

3-сыныпта үйренген ойын түрлерін жетілдіре және жаңа ойындар қоса, «әділ ойын ережелерін және қарсыласқа құрмет көрсетуді қолдану», «физикалық даярлық барысында өз мүмкіндігін пайдалану», «шығармашылық тапсырмаларды қолдану және сындарлы ұсыныстарды ұсыну», «қарым-қатынас арқылы ойын ережелерін түсіндіру және көрсету» мақсаттарына қол жеткізу үшін «Бүркіт және қарлығаш» (жылдам қозғалу, ептілік, жылдамдық), «Тапқыр» (жылдам қозғалу, ептілік, допты беру техникалары), «Тоғызқұмалақ» (ептілік, логикалық ойлау, байқампаздық, қырағылық, реакция жылдамдығы, ұлттық құндылықтарды сіңіреді), «Асық ату» (дәлдік, икемділік, ептілік, ұлттық құндылықтарды дарыту), «Бес тас» (назар аудару, жылдамдық, ептілік және икемділік) «Орамал» (төзімділік және реакция жылдамдығы) «Тақия тастамақ» (ептілік, икемділік, жылдамдық, батылдық), «Тай жарыс» (реакция жылдамдығы, ептілік, жылдамдық, еріктілік), «Жаяу көкпар» (қозғал, ептілік, жылдамдық, шыдамдылық, ұйымдастырушылық) және дене қасиеттерін одан әрі дамытатын басқа да ұлттық ойындарды тиімді ұйымдастыру ұсынылады.

4-сыныпта «Жарыс барысында адал бәсекелестікті көрсету», «Физикалық даярлық кезінде өз мүмкіндігін тандап, қолдану». «Сындарлы ұсыныстарды бере отырып, шығармашылық тапсырмаларды бағалау», «Ойын барысында қарым-қатынас кезінде ойын ережелерін қолдану» мақсаттарына сай сабақты жоспарлап, білім алушыны ұлттық спортты сүйеге, құрметтеуге, шыдамды болуға баулу әр дене шынықтыру пәні мұғаліміне жүктелген міндет. Бұл олар үшін өте пайдалы. Балалар зерігіп кетпес үшін осыған ұқсас ойындарды ойнатқан көп нәтиже береді. «Ақ сандық, көк сандық» (ептілік, жылдамдық реакциясы). «Аңшылар» (ептілік, жылдамдық-қуат қасиеттері, лақтыру техникасының дағдылары), «Белбеу тастау» (жылдамдық реакциясы, жылдамдық-қуат қасиеттері, қырағылық), «Тоғызқұмалақ» (ептілік, логикалық ойлау, байқампаздық, қырағылық, тез шешім қабылдау, ұлттық құндылық),

«Асық ату» (дәлдік, икемділік, ептілік), «Бес тас» (зейін сапасы, жылдамдық, ептілік және икемділік, адамның рухани қасиеттері шыдамдылық, ұйымдастырушылық), «Орамал тастау» (шапшаңдық, ептілік, жылдамдық, адамның рухани қасиеттерінің бірі шыдамдылық, ұйымдастырушылық), «Соқыр теке» (шапшаңдық, жылдамдық-қуат қасиеттері, қырағылық) және басқа ұлттық ойындарды ұсынамыз.

«Тоғызқұмалақ» ойынын екінші сыныптан бастаған дұрыс. Өйткені балалар ондықтан бастап жүз көлеміндегі сандарды қосуды меңгереді. Көбейту тәсілдерін меңгерген кезде түсініп ойнауы оңай болады. Тоғызқұмалақ тақтасы, оның құрылымы, құмалақтар саны, ұяшықтар саны, ұяшықтардағы құмалақ саны, ұтыс саны туралы түсінік беріледі. Ойынының жүрістері мен тас санау, тұздық алу мәселелерін үйретеміз. Бастапқы түсінік берілгеннен кейін балалар түсініп ойнайды. 3-сыныпта түсініктерін жалғастыра отырып, тұздық алудың тиімді тәсілдерін түсіндіріп, алдын ала қауіпті байқауға, өзіне қауіп тудырмау жағдайларын ескеруге үйретеміз. Үшінші сынып балаларының логикасы енді дамып келе жатқанда, оларға тиімді болады. Табиғатынан зерек бала ертерек ойлай бастайды. Тек тактикалары мен ережелерін үнемі ескертіп отыру керек. Осылай ойындар оңайдан қиынға қарай күрделеніп отырады. Ойынды үйренуді жетілдіру үшін, мұғалім оқу үдерісінен басқа, сыныптан тыс немесе спорттық үйірме ретінде жалғастыра дамытуына болады.

Асық ату ойыны да бастауыш сынып балаларының жас ерекшеліктеріне қарай ойнатылады. 1-сыныпта асықтың түрлерін, оны иіру тәсілдерін үйретіп, қарапайым ойыннан бастаған жөн. Білім алушылардың қолдарына асықты қалай ұстау керектігін үйретуден бастап, асықты көздеу, ату тәсілдерін меңгертеміз. Басқа сыныптарда осы үйренген тәсілдерді жетілдіре отырып, дәл тигізуге, икемділікке, ептілікке баулимыз. Ойын түрлерін күрделендіреміз (ойын түрлері мен ережелері келесі бөлімде).

5-сынып білім алушыларын оқытуда мынадай мақсаттар қойылады: адал ойын мен өзара қызметтестікті айқындайтын тәртіпті білу және түсіну, топтық және командалық тактика бөліктерін білу мен түсіну, өзара әрекеттесу үшін өз дағдыларын пайдалану. Бұл мақсаттарға орай «Тоғызқұмалақ», «Асық ату», «Бес тас», «Бұқа тартыс», «Арқан тарту», «Кім шертті?», «Қосқұлақ», «Шалма», «Ләңгі» және басқа ұлттардың ойынын ойнауды ұсынамыз.

6-сынып білім алушыларын оқытуда мынадай мақсаттар қойылады: адал ойын мен өзара қызметтестікті айқындайтын тәртіпті түсіну және қолдану, топтық және командалық тактика бөліктерін қолдану, өзара әрекеттесу үшін өз білімдері мен дағдыларын қолдану, ойын ережелері мен төрешілік негіздерін түсіну, шығармашылық қабілеттіліктерді қолдану және баламалы шешімдерді ұсыну. «Қамалды қорғау», «Тоғызқұмалақ», «Асық ату», «Бес тас», «Бұқа тартыс», «Арқан тарту», «Тымақ ұру», «Теңге алу», «Жаяу көкпар», «Қыз қуу», «Білектесу», «Ләңгі» және аталмыш ойындарды жетілдіре, қызықты етіп өткізу үшін басқа ұлттардың ойындарын ойнауға болады.

7-сынып білім алушыларын оқытуда мынадай мақсаттар қойылады: адал ойын мен өзара қызметтестікті айқындайтын тәртіпті талқылау және бейімдеу,

топтық және командалық тактикаға көрсетілім жасау, өзара әрекеттесу үшін өз білімдері мен дағдыларын анықтау, жарыстық іс-қызмет пен төрешілік ережелерін қолдану, шығармашылық қабілеттіліктерді пайдалану және баламалы шешімдерді ұсыну. «Аударыспақ», «Тоғызқұмалақ», «Қамалды қорғау», «Асық ату», «Бес тас», «Бұқа тартыс», «Арқан тарту», «Тымақ ұру», «Теңге алу», «Жаяу көкпар», «Қыз қуу», «Білектесу», «Қазақ күресі», «Ләңгі», «Тоспа доп» және басқа ұлттардың ойындарын ойнауға болады.

8-сынып білім алушыларын оқытуда мынадай мақсаттар қойылады: адал ойын мен өзара қызметтестікті айқындайтын тәртіпті бағалау, топтық және командалық тактиканы үйлестіру, өзара әрекеттесу үшін өз білімдері мен дағдыларына көрсетілім жасау, жарыстық іс-қызметтегі төрешілік ережелеріне көрсетілім жасау, шығармашылық қабілеттіліктерге көрсетілім жасау мен теңестіру және баламалы шешімдерді ұсыну мақсаттарына сай «Аударыспақ», «Тоғызқұмалақ», «Қамалды қорғау», «Асық ату», «Бес тас», «Бұқа тартыс», «Арқан тарту», «Бөрік ұру», «Теңге алу», «Жаяу көкпар», «Қыз қуу», «Білектесу», «Қазақ күресі», «Итеріспек», «Ләңгі» және және басқа ұлттардың да ойындарын ойнауға болады.

9-сынып білім алушыларын оқытуда мынадай мақсаттар қойылады: адал ойын мен өзара қызметтестікті айқындайтын тәртіпке талдау жасау, топтық және командалық тактикаға талдау жасау, өзара әрекеттесу үшін өз білімдері мен дағдыларын бағалау, жарыстық іс-қызметтегі төрешілік ережелеріне талдау жасау, шығармашылық қабілеттіліктерді бағалау және баламалы шешімдерді ұсыну мақсаттарына «Аударыспақ», «Тоғызқұмалақ», «Асық ату», «Қамалды қорғау», «Бес тас», «Бұқа тартыс», «Арқан тарту», «Тымақ ұру», «Теңге алу», «Жаяу көкпар», «Қыз қуу», «Білектесу», «Қазақ күресі», «Итеріспек», «Жамбы ату», «Ләңгі» және басқалар.

Ұлттық ойындар арқылы жоғары сынып білім алушыларында жақсы нәтижелер мен физикалық көрсеткіштерге қол жеткізуге болады.

Ұлттық құрамдас бөлікке негізделген дене тәрбиесі жасөспірімнің санасы мен мінезін қалыптастырудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. Сондықтан ұлттық ойындарға тек білім алушыларды тәрбиелеу құралы ретінде қараудың қажеті жоқ, олардың моральдық-білім беру тәрбиесіне назар аудару керек. Қазіргі кезеңде осындай ұлттық тәрбие беру құралдарын тиімді қолдану – заманауи мәселе екенін мамандар айтуда.

Ұлттық ойындарды енгізуді бастамас бұрын, мұғалім оларды зерттеп, тапсырмаларды орындау үшін ең қолайлысын таңдауы керек. Кейбір жағдайларда оларды толығымен енгізуге болады, ал басқа жағдайларда олардың фрагменттері қолданылады. Сол ойындардың көмегімен әртүрлі моральдық және физикалық қасиеттерді тәрбиелеуге болады.

Мұғалім белгілі бір тәрбиелік, білім беру және сауықтыру мақсаттарына жету үшін сабақтарды осылай ұйымдастыруы керек, олардың ішіндегі ең маңыздылары:

а) білім алушылардың денсаулығын нығайту, олардың табиғи тұрғыдағы дұрыс физикалық дамуына ықпал ету;

б) өмірлік маңызды моториканы, дағдыларды игеруге және оларды жетілдіруге жәрдемдесу;

в) балаларға қажетті моральдық-еріктік және дене қасиеттерін сіңіру;

г) білім алшыларда ұйымдастырушылық дағдылары мен ойындармен жүйелі түрде айналысу әдеттерін қалыптастыру.

Ойын басталмас бұрын мұғалім білім алушыларға оның мазмұны мен міндеттерін, сондай-ақ өткізу ережелерін түсіндіруі керек. Мазмұны түсіндірілгеннен кейін мұғалім оны өткізуді неғұрлым дайындалған білім алушылардың біріне тапсыра алады. Бұл ойын бақылаусыз өтуі керек дегенді білдірмейді. Білім алушылардың іс-әрекеттерін олардың ойын барысында басқа ойыншылардың қысымын немесе дұрыс емес әрекеттерін сезінбеуі үшін мұғалім немесе мұғалім тағайындаған жетекші адамдардың бірі бақылауы керек.

10-сынып білім алушыларын оқытуда мынадай мақсаттар қойылады: жарыстық қызметте спорттық этиканы сақтау, ойындағы тактикалық қабылдауға байланысты тәуекелдерді талдау, мектепте және мектептен тыс қозғалыс белсенділігін жүйелеу, спорттық жарыстарды ұйымдастыра және өткізе білу, шығармашылық және креативті қабілеттерді біріктіру. «Жаяу көкпар», «Аударыспақ», «Білектесу», «Тоғызқұмалақ», «Асық ату», «Бес тас», «Бұқа тартыс», «Арқан тарту», «Тымақ ұру», «Жамбы ату», «Бәйге» және қазақ ұлтының басқа да ойындарын, Украин халқының «Чаклун» ұлттық ойынын, «Хлибчик» (Нан пісіруші) ойыны, Түрік халқының ұлттық ойындары: «Гургуч», «Гъарай молла» ойындарын ойнатуға кеңес береміз.

11-сынып білім алушыларын оқытуда мынадай мақсаттар қойылады: жарыстық әрекеттегі мінез-құлықты талдау, командадағы тактикалық жағдайларда өзара іс-әрекетті бірлесе жасау, мектепте және мектептен тыс физикалық белсенділікті ұйымдастыру, спорттық жарыстарда төрешілік дағдыларын қолдану, шығармашылық және креативті қабілеттерін талдау: «Күшің жетсе – үзіп өт», «Аударыспақ», «Білектесу», «Тоғызқұмалақ», «Асық ату», «Қамалды қорғау», «Бұқа тартыс», «Арқан тарту», «Жаяу көкпар», «Жамбы ату», «Бәйге», «Қазақ күресі», «Ләңгі», «Итеріспек» және қазақ ұлтының басқа да ойындарын ұсынамыз.

Мұғалімнің міндеті - ойын барысында балалар арасында адамгершілік қарым-қатынастарды талдап, зерттеу, оны тиімді әдістермен басқару, балалардың достығын қолдау. Ойынның мақсаты – бағдарламада анықталған білім, білік, дағдылар жайында түсінік беру, оларды қалыптастыру, тиянақтау және пысықтау немесе тексеру сипатында болып келеді. Ойынның міндеті – баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында іріктеліп алынған нақты мазмұнмен анықталады. Сабақта тиімді қолданылған ойын түрлері мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың аса зор ықыласпен тыңдап, жемісті меңгеруіне әсер етеді. Балалар тез сергіп, тапсырманы жылдам, дұрыс орындайтын болады.

Ойындар оқушыларды өз бетінше жұмыс істей білуге дағдыландырады, ойлау қабілеттерін, ізденімпаздығын арттырады, сөздік қорларын молайтады. Ойынды қолдану сынып оқушыларының пәнге деген қызығушылығын

арттырады, белсенділік танытып, материалды қажетті деңгейде игеруіне ықпал етеді. Ойындар мазмұны баланы қызықтыра алатындай құнды болуы керек. Ойын әрекеті сабақта игерілген білім, білік, дағдыға сүйене отырып оқушылардың өзіне және басқаға сын көзбен қарап, тиімді шешім қабылдауына мүмкіндік туғызады. Ең бастысы әлеуметтік психологиялық талаптардың бірі - шынайы қарым-қатынас практикасы мен ойынның логикалық үйлесімінің болуы. Ойын сабақтары түрлерін таңдап алу, оны жүргізу мұғалімнен үлкен шығармашылық ізденісті талап етеді.

Ойын – баланың қажетті әрекетінің бірі, ойынды кіші жастағы балалардың табиғаты керек етеді.

III. Оқыту бөлімдерінде ұлттық спорт түрлерін қолдана отырып, қозғалыс қасиеттерін дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар

Ұлттық ойындар өзінің табиғатында, жаратылысында ұлттық өнегені бойына сіңіріп, бүкіл ұлтқа тән қасиеттерді өз бойына дарытып, толығып, жетілу арқылы, өзінің жан-жақты тәрбиелік қасиетін шындай түседі. Ұлттық ойындар өте күрделі дүние, ол адам баласының табиғи әрекеті. Сабақ барысында сол табиғилығын сақтай отырып, оның элементтерін ретті пайдалану сабақтың әр кезеңінде оқушылардың білгірлікке әрекет жасау арқылы көңіл-күйіне психологиялық тұрғыда барлау жасауды талап етеді.

Қазақ халқының кез-келген ойындары өскелең ұрпақта қиялдылық қасиеттерін жетілдіреді. Солардың арасында *асық ойындарын* атап өтуге болады. Әлбетте, аталған ойынды асығы бар балалар ғана ойнайды. Ойнаушылар саны ойын түрлеріне қарай 2 баладан 8-10 балаға дейін кете береді. Асық ойындары түрлерінің барлығының түпкі мақсаты – асық ұтып алу. Еліміздің дерлік барлық аймақтарында асық ойындарын ойнайды, бірақ, әр аймақтың өз ерекшелігіне орай, жер-жерлерде ойын түрлерінің, кей ережелерінің аздаған болса да, айырмашылықтары болады. Сондықтан 5-сынып білім алушылары үшін асық ойындарының кейбірлеріне ғана сипаттама берілді: алшы, омпы, хан, құмар, көтеріспек.

Қазақтың қай ұлттық ойындарын алса да, баланың қимыл-қозғалысын, ой-санасын, зеректігін және басқа да қасиеттерін жетілдіруге арналған. Соның ішінде, ептілік, икемділікпен қатар тапқырлықты, зеректікті, шұғыл арада дұрыс шешім қабылдауға септік ететін ақыл-ой, сананы дамытатын ойындардан сипаттама беруді бастасақ:

«Алшы» ойыны. Асық ойыны сырттан көрген адам үшін қарапайым боп көрінгенімен, бұл ойында көз мөлшерлігі, дәлдік, икемділік, ептілік секілді, адам денесін шындап, кейбір дене қасиеттерін сомдайтын жақсы жақтары жетерлік. Ойын барысында өзара әрекетке баратын қимыл-қозғалыстар көп. Ойын білім алушыны салауатты өмір салтына жетелеумен қатар, ұлттық болмысты бойына сіндіреді. Ақыл-ой қасиеттерін жетілдіреді, дене бұлшық еттерін қатайтады, өкпе-тыныс алу мүшелерінің ұлғаюына, дене болмысының статикалық,

динамикалық тұрғыда дамуы мен қырағылық, мергендік сияқты, өмірдің тұрмыстық дағдыларына баулиды. Асық ойындарының түрлерін мектеп қабырғасындағы сабақ арасындағы үзілістерде, сабақтан тыс сыныпаралық, мектепаралық, әртүрлі спорттық-сауықтыру, тәрбиелік іс-шараларда, үй-аула жағдайында ойын түрінде де, жарыс түрінде де өткізген абзал. Қазіргі таңда асық ойындарының түрлерін кез келген елді мекендердегі мектеп жасындағы балалардың барлығы дерлік, біледі. Соңғы кездерде асық ойындарын оқудан тыс, демалыс кездерде ұлдармен қатар, қыздар да ойнауда. Асық ойындарының түрлері ұлттық ойындардың негізі, мектеп жасындағы өскелең ұрпақтың ақыл-ой, санасын, адамгершілік, рухани, бауырмашылық, ұйымшылдық пен ұжымшылдық қасиеттерін дамыта отырып, жеке тұлға ретінде де тәрбиелеуге септігін тигізеді.

Логикалық ойлау мен математиканы, философияны қажет етіп, тактикалық тұрғыда кез келген спорттық ойынның стратегиясын шешуде өз үлесін қосатын қазақтың ұлттық ойыны – тоғызқұмалақ. Бұл ойынның стратегиялық, тактикалық айла-әдістері, амалдарын қазіргі заманда қолданылып отырған компьютер арқылы да қарастыруға болады. Білім алушылар күнделікті виртуалды жаттығулар жасай отырып, пайдаланатын қажетті әдістерін компьютерге енгізіп, жаңа бағдарлама жасақтап, оны тәжірибе жүзінде күнделікті пайдалануына болады.

«Тоғызқұмалақ» ойыны мектеп жасындағы кез келген білім алушы үшін оңтайлы, логикалық ой-өрісін, сана-сезімін дамыта отырып, спорт әліппесін де үйретеді, «ғылым атасы» саналатын математикалық ойлау қабілетін жетілдіріп, оқу үлгерімін жоғарылатады, ұлттық тәрбиені бойына сіңдіреді, мәдени тәлімін жақсартып, тәртіптілікті күшейтіп, салқынқандылық сабырлылыққа шақырады.

Аталған ойынды ағаштан (қазіргі таңда пластмассадан) жасалған төрт бұрышты тақтада ойнайды. Тақтаның екі қатарға тоғыз-тоғыздан ойылған сопақша (пластмассада төртұрышты) келген ұясы (кіші отау), әрбір қатар үшін бір-бірден жасалған екі қазан (үлкен отау) болады. Әр ойыншы өз алаңын біліп, ойында шатаспас үшін үлкен отаулар түрлі-түсті (мысалы, ақ және қара) бояумен боялады. Әр ойыншыға 81 құмалақтан, екі ойыншыда 162 құмалақ болады. Олар әр ұяға 9-дан орналастырылады. Әр ұяның 1-ден 9-ға дейін реттік саны болады, олар солдан оңға қарай есептеледі.

Ойын ережелері келесідегідей: тоғызқұмалақтың партиясы ақ пен қараның кезектесіп отыратын жүрісінен басталады. Ойынды бастаушы өзінің кез келген отауына бір құмалақты ғана қалдырып, өзгесін қолына алып, оларды сағат тіліне қарсы жақтан бастап, бояу түсіне қарамастан, бір-бірден ұяларға салады. Егер, ең соңғы құмалақ түскен бәсекелестің тас саны ұзындығы (2, 4, 6, 8, 10, ...) жұп болса, онда ойыншы сол ұядағы құмалақтардың бәрін алып, өз қазанына аударады. Ойын барысында біреудің ұясында 2 құмалақ қалса, серіктесі ең соңғы тасын алып үлгірсе, ол үшін тасты түгел алады, ұя ойын аяғына дейін «тұздыққа» айналады. Әр ойыншы өз қарсыласының жағында тек бір ғана «тұздыққа» ие болады. Қазанына 82 құмалақ жинаған ойыншы ұтады.

«Алтын қабак» (жамбы ату) ойыны. Негізінде, бұл ойынды атпен шауып келе жатып, нысананы дәлдеп ату. Білім беру мекемелері жағдайында, бұл ойынды басқаша өткізуге болады: Қазақстан Республикасы бойынша қалалы, ауылды жерде болсын, әр жылдары әртүрлі жобалармен салынған спорттық залдардың көлеміне қарай, яғни, залды 2-3 рет пе, 5-6 рет пе, 80-100 м жүгіріп айналып өтіп, шамамен 5 м қалғанда, жамбыға кіші допты лақтыра, дәл тигізу қажет. Ойын шарттары бойынша, неғұрлым көп және дәл ортасына тигізген ойыншы жеңімпаз атанады. Ойын дәлдікті, жылдамдықты, ептілік, икемділік қасиеттерін дамытады.

Жамбы атудың тағы бір түрі – «Қазан» ойыны деп аталады. Ойынға 5-10 оқушы қатыса беруіне болады. Ойынға қажетті құрал-жабдықтар адам санына орай: ағаш таяқтар, ағаштан жасалған шар немесе шағын доп. Қазіргі кезде крокет құралдарын да пайдалануға болады. Ойын шарты бойынша, ойнаушылар ара қашықтығын бірдей етіп, бір-бір ағаштан ұстап (ағаш таяқтары ұяда тұруы керек), дөңгелене тұрады. Ортада дәл сондай ұя тұрады. Ойынды бастаушы дөңгелене тұрған ойнаушылардың арасынан, ортада тұрған ұяға ағаштан жасалған шарын немесе кіші добын салуы керек. Ал, дөңгелене тұрған өзге ойнаушылар шарды (допты) ағаштарымен қағып, жолатпаулары керек. Егер де, ойынды бастаушы шарын ортадағы ұяға тастап үлгерсе, ал өзгелері оған кедергі жасап үлгермесе, онда бастаушыға ең жақын тұрып, кедергі жасай алмаған ойнаушы ойынды бастаушы болып, екеуі орын ауыстырады. Шарды ортадағы ұяға салған уақытта, өзге ойыншылардың барлығы орындарын ауыстырады. Ойын білім алушының жылдамдыққа, ұшқыр ойлауға, ептілік пен икемділікке баулиды.

Заманауи қажеттіліктерге орай, бұл ойынды жамбы атудың орнына дротик лақтырумен (ағылшындардың Дартс ойыны) ауыстыруға болады. Алайда Дартс ойынында дәлдікті дамытуға болатындығына қарамастан, тәрбиелік тұрғыда кері әсерін береді, екіншіден, техника қауіпсіздігі тұрғысында ұшы үшкір, көзге немесе денеге жарақат әкелу қауіптілігі жоғары және материалдық-техникалық жабдықтығы күрделі екенін ескерген жөн.

«Күміс алу» ойыны Қазақстаннан басқа, Орта Азия халықтарының арасында көп кездесетін, сүйіп ойнайтын ұлттық спорттың бір түрі. Аталмыш ойын шабандоздардың ат құлағында ойнай білуін, үлкен шеберлікті, асқан жылдамдықты, ерекше ептілікті қажет етеді. Ойын ережесі бойынша – атпен шауып келе жатқан адам белгіленген мәреге жеткенге дейін ойынды ұйымдастырушылардың арнайы даярланған межелерге қойылған (көмілген) күміс теңгелерді барынша көбірек іліп алуы тиіс.

Негізінде, бұл ойынды шауып бара жатқан аттың үстінде орындайтын болғандықтан, білім беру мекемелерінде жаяу түрінде өткізген абзал. Білім беру мекемелері жағдайында, ойынды жарыс түрінде өткізуге болады. Жарыс ережелері бойынша ойынға қатысушылар жүгіре отырып, әр жерде жатқан немесе арнайы жерлерге қойылған тиындарды іліп ала, қайта жүгіріп келулері керек. Ойынды командалық эстафета ретінде пайдалануға да болады. Бұл ойын

білім алушылардың ептілік, икемділік, төзімділік, жылдамдық, тез шешім қабылдай алу секілді, дене және ақыл-ой қасиеттерін дамытады.

«*Соқыр теке*» – қазақтың көнеден бері келе жатқан, ептілік пен икемділікті, жылдамдық реакциясын дамытатын ойын. Ойнау орнын талғамайтын аталған ойынды кез келген тегіс жерлерде пайдалана беруге болады. Ойын шарты бойынша – ойнаушылар дөңгелене тұрады да, ортаға орамал немесе жұмсақ матамен көзі байлана оралған адамды (ол – Соқыр теке) қалдырады. Дөңгелене тұрғандар оны қол ұшымен түртіп, жан-жаққа, айнала қашады. Соқыр теке өзін түрткен адамды ұстап алу керек. Ұсталып қалған ойнаушы кезекті Соқыр теке болады. Ойын ары қарай, сабақты жүргізуші тоқтатқанға дейін жалғаса береді. Ойынға кемі 4-5 адамнан, 10-12 адамға дейін қатысуға болады.

«*Жүзік тастау*» ойыны. Бұл ойынды да кез келген тегіс жерлерде ойнай беруге болады. Ойнаушылар дөңгелене отырады да, жүргізуші олардың алақандарына өзінің қолын жүгіртіп өтіп, отырғандардың біреуіне жүзікті тастап кетеді. Жүзікті жасырын тастап кеткен ойынды жүргізуші оншалықты қашық емес жерге барады да: «жүзігімді бер!» деп, бар даусымен шақырады. Жүзікті алған ойыншы екі жанында отырған көршілеріне ұстатпай, жылдам тұрып, қашып кетуі керек. Ұсталмай, жеңіп кетсе – ойын бастаушы болады. Ұсталып қалса, айыбын төлейді – көпшіліктің қалауымен я өлең айтады, я билейді, я әтеш боп шақырады немесе айтқан сан бойынша отырып-тұрады (немесе денесін тік ұстай, жерге қолды тірей жатқан күйінен қолды бүгіп-жазады). Ойын білім алушыларды сабырлыққа, жылдамдыққа, икемділік пен ептілік қасиеттерін дамытады, шығармашылық тұрғыда суырып-салмалыққа баулиды. Көбінесе, сабақтың қорытынды бөлімінде қолданылады.

«*Білектесу*» – қазақтың ұлттық ойыны болғанымен, әлем халықтарының ішінде дүние жүзіне кең тараған, осыған ұқсас Армрестлинг спорт түрі бар. Аз ғана айырмашылығы – ойынға қатысушылар тек оң қолдарымен білектеседі. Білектесу үш рет орындалады, ойын шарты бойынша екі рет жеңіске жеткен ойыншы жеңімпаз атанады. Білектесу кезінде шынтақты орнынан жылжытуға болмайды. Ойыншының орнынан көтерілуіне, тұтқаны босатуына болмайды.

«*Арқан тартыс*» ойынын өткізу үшін, ұзындығы 8-10 метрдей жуан кендір арқан қажет. Арқанның тең ортасынан орамал немесе шүберек байланып, белгі жасалынады. Осы белгіленген орталық белгінің екі жағынан бір жарым-екі метрдей жерден тағы да арнайы белгі жасалынады. Оған қоса, жерден орталық сызық белгіленеді. Ойыншылар саны неғұрлым көп болған сайын, соғұрлым қызық, алайда, қатысушылар саны екіге бөлінетіндей, жұп болғаны абзал. Ең кемі екеуден, арысы 8-10 адамнан бөліне, командалар құрады. Бөліну тәртібі: қатысушылар бойлары, салмақтары жағынан бірдей етіп, екіге бөлінгені абзал. Кей жағдайларда осы қағида бұзылып, ойын қызықшылығы, тартыстылығы жойылады. Арқанның орта бойындағы белгі, жердегі белгімен бірдей сызықта тұрады. Сонымен ойын жүргізушінің берген командасы бойынша, екі команда да арқанды өз жақтарына қарай тарта бастайды. Арқанның ана немесе мына шеткі белгісі жерде сызылған сызықтан асқан кезде, өз жақ шеткі белгісін орталық сызыққа дейін жіберіп алған команда жеңілген болып саналады.

Арқанды тартып, өз шеткі белгілерінен асырып, қарсыласын өз жеріне тартып алған команда жеңімпаз атанады. Ойынды қызықты, дененің басқа қасиеттерін де қосымша дамыту мақсатында, ойын ережелерін күрделілендіруге болады. Мысалы, арқан тартысты қызықты ету үшін, әр команда өз жақтарында ойын жүргізушінің командасы бойынша отырып-тұрады, жатады, теріс айналып тұрады, бірі-бірін көтереді. Ойынды жүргізушінің ысқырығы естілісімен, жүгіріп кеп, арқан тартысады. Ойынды ұлдар арасында өткізгенмен, қыздардың да күштілік қабілеттіліктерін дамыту мақсатында, оларды да қатыстыртуға болады. Күштілік, төзімділік қасиеттерін дамытумен қатар, ұжымшылдықты, бірлікті, достықты бекіте түсу секілді, адами қасиеттерін ұштайды.

«Бестас» ойыны қазақ халқының көне заманнан келе жатқан тәрбиелік мәні жоғары ұлттық ойыны болып табылады. Ойынның ел арасында «Бестас», «Қақпақыл», «Тоғызтас» т.б. аттары кездеседі. «Тоғызтас» ойыны тоғыз тасты қолдану арқылы ойналады. Ойын адамның ептілік, жылдамдық, байқампаздық, санау, реттеу, топтау қасиеттерін жақсы дамытумен қатар, көз жанарын жетілдіруге, сақтауға, сауықтыруға да көп пайдасы бар. Бестасты барлық жастағы адамдар ойнайды. Ойын адамның шаршағанын басып, сабырлыққа шақырады. Бестас ойынын сабақ үзілістері, жұмыс арасында да ойнаған тиімді. Бестас ойынын ұрпақтан-ұрпаққа беру, халқымыздың мәдениетін сақтаудың бір жолы болып табылады. Ойынға домалақтау келген бес тас таңдалып алынады. Ойынды екі-екіден немесе бірнеше адамдар топ құрып ойнауға болады.

Түсіндірме сөздік:

Қаршу – жоғарыдан лақтырылған тастарды алақанның сыртымен қағып алу.

Қақпақыл тас – жоғары лақтырылған тас.

Жалату – саусақтың басын жерге тигізу.

Қора – сол (оң) қолдың бас бармағымен сұқ саусағын жерге тірей қақпа жасап ұстау.

Құдық – алақан саусақтарын қуыстап ұстау арқылы тастарды «құдыққа» жинау.

Нәби – жерге шашылған төрт тастың бірін нәби (ата) деп белгілеу.

Ойынның мазмұны. Ойнаушылар алдымен кім-кімнен кейін ойнайтындықтарын анықтайды. Ол үшін ойыншылар кезекпен бес тасты тобымен жоғары лақтырып, бір алақан сыртымен тосып алады да, алақан сыртында қалған тастарды қайта жоғары лақтырып, қаршып ұстайды. Қаршып ұстау дегеніміз – тасты қолды еңкейте жоғарыдан төмен қуып барып ұстау. Лақтырылған бес тасты қолдың сыртымен тосып алу және қаршып ұстау кезінде бірнеше тас жерге түсіп кетуі де мүмкін. Кім көп тас қаршып алса, сол бірінші ойнау кезегіне ие болады. Ойын кезегін арудың басқа да жолдары бар.

Бірінші кезек алған ойыншы бестас ойынының шартын бұзып алғанға дейін ойнайды. Одан кейін екінші кезектегі, ол тоқтаған соң үшінші кезектегі ойыншы бастайды. Ойын осылай жалғаса береді.

Тастарды жерден теріп алу кезінде басқа тастарды қозғалтуға болмайды және қақпақыл тасты жерге түсіріп алмау керек. Ойнаушылардың қай-қайсысы болмасын, ойынды өзінің бұрынғы тоқтаған жерінен ары қарай жалғастырады.

Ойын барысы:

- **Бірлік.** Ойын бірліктен басталады. Бес тасты жерге иіріп тастаған соң, біреуін қақпақыл тас етіп алып, қалған төрт тасты қақпақыл тасты жоғары лақтыра отырып бір-бірден бір қолмен теріп алады немесе бес тасты иіргеннен соң, біреуін қақпа тас етіп алып, қалған төрт тасты жеке-жеке бір-бірлеп қағып алады;

- **Екілік.** Тастарды жерге иіріп тастап, жердегі төрт тасты екі-екіден бір қолмен жинап алады (иірген қолмен) немесе екінші рет иіріп, екілікті ойнайды, онда жердегі төрт тасты екі-екіден қағып алады;

- **Үштік.** Үш тасты бірге, бір тасты жеке жинап алады (иірген қолмен) немесе үшінші рет иіріп, үш тасты бірге, бір тасты бөлек қағып алады;

- **Төрттік.** Мұнда алақандағы бес тастың ішінен қақпақыл тасты жоғары лақтырып, ол қайта түскенше төрт тасты жерге қойып үлгереді де, қақпақыл тасты тағы жоғары лақтырып, жердегі тастың төртеуін бірге жинап алады немесе төрттікте қақпа тасты лақтырып, төрт тасты жерге қойып, тағы да лақтырып, төртеуін жерден қайта алуы керек;

- **Жалату.** Бесінші ойын – «жалақ». Ойында үш немесе бес жалақ болады. Қақпақыл тасты жоғары биіктікте лақтырып жіберіп, сұқ саусақпен жерді үш немесе бес рет жалатып үлгеру керек. Үш рет немесе бес рет жалату ойыншылардың өзара келісімі бойынша белгіленеді. Бір түсіндірерлік жайт: санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес, атауы «жалату» болғанымен, орнына әрине, «сипау» деп, ауыстыруға болады;

- **Жинау.** Алтыншы ойын – «Алақан». Қақпақыл тасты лақтыра отырып, қалған төрт тасты бір-бірлеп екінші қолдың үстіне жинайды. Тастар жиналған соң барлығын жоғары лақтырып алақанға ұстайды. Тастар жерге түсіп кетсе, ұсталған тастарға ұпай беріледі немесе қақпа тасты лақтыра отырып, қалған төрт тасты бір-бірлеп, екінші қолдың алақанына жинаулары керек;

- **Төрт бұрыш.** Жетінші ойын – «Төртбұрыш». Төрт тасты жерге қойып, яғни төрт бұрыш жасап қойып, содан соң қақпақыл тасты биіктете лақтырып, тастардың төртеуін де жинап қағып алу керек. Төрт бұрыштың үлкендігі ойыншылардың өзара келісулері бойынша белгіленеді немесе төртбұрышты төрт тасты төрт жерге қойып, яғни, төртбұрыш шығарып, қақпа тасты биіктете лақтырып, төртеуін де жинап алып қағулары керек;

- **Арттан тастау.** Сегізінші ойын – «Арттан тастау». Ойынның бұл түрінде жерден бірінші тасты қағып алған соң, екінші тасты қағып алу үстінде бірінші тасты қолдың артынан жерге тастау керек. Үшінші тасты қағып алу үстінде екінші тас тасталады. Бәрін тастап болған соң, жердегі тастарды бір ретте тұтас жинап қағып алу керек немесе жерден бірінші тасты қағып алып, енді екінші тасты алғанда, бірінші тасты қолдың артынан жерге тастау керек, одан үшінші тасты алғанда екінші тасты арттан тастау керек. Содан кейін, жерден тастардың бәрін жинап қағып алу керек;

- **Үндемес.** Тоғызыншы ойын – «Үндемес». Бестас ойынының бұл түрінің шарты бойынша қақпақыл тасты қағып алғанда, ол алақандағы басқа тасқа соғылмауы керек. Ойынның шарты бойынша үндеместі ойнаған кезде ойыншының өзі де үндемей отыру керек. Ал, басқа ойыншылар ойынның осындай жағдайын пайдаланып, үндеместі ойнап отырған ойыншыны сөйлетуге, күлдіруге тырысады. Бұған ойыншы берілмеуі керек, ойыншы сөйлеп немесе күліп жіберсе, ойнауын тоқтатуға тиіс болады. Бұл ойында қақпа тасты қағып алғанда, қолдағы жерден алған тасқа соғыстырмау керек. Ойынның шарты бойынша, жоғарыда айтқандай, үндеместі ойнаған кезде тастардың даусы тұрмақ, ойыншының өзі де үндемей отырғаны абзал. Басқа балалар ойынның осындай сәтін пайдаланып қалғысы кеп үндеместі, яғни, ойнап отырған баланы күлдіруге немесе сөйлетуге жеткізсе, онда үндемес жеңіледі. Себебі, дыбысы шығып қалса, онда ойын шарты бұзылды, деп есептелінеді де, бес тасты келесі кезектегі ойыншы алады;

- **Сарт-сұрт.** Оныншы ойын – «Сарт-сұрт». Ойынның бұл түрінде әрбір тас бір-бірлеп қағып алынады. Бірақ, қақпақыл тас пен жерден алынған тастың бір-біріне соғылғаны құлаққа естілуі керек немесе ойында бірлік сияқты, әр тас жеке-жеке қағылып алынады. Дегенмен, қақпа тас пен жерден алынған тастың сартылдаған дауысы естілуі керек;

- **Қаршу.** Он бірінші ойын – «Қаршу». Ойыншы бес тасты жерге иіріп тастап, қақпақыл тасын қолына алады да, оны әрбір жоғары лақтырған сайын жерден бір тас алып, қақпақыл тасты қағып қаршып алып отырады немесе ойыншы бес тасты иіріп жерге тастайды. Содан кейін қақпа тасын алады. Оны алып болғаннан соң, қалған төрт тасты бір-бірлеп қаршып алуға тиіс.

- **Нәби.** Он екінші ойын – «Нәби». Ойынның бұл түрінде бір қолдың бас бармағы мен сұқ саусағын жерге тірей қақпа жасап ұстайды. Содан соң оң немесе сол қолдың сыртынан бес тасты алдыға қарай иіріп тастап, қақпақыл тасты таңдап алады. Ойынға қатысып отырған басқа ойыншы жердегі төрт тастың бірін нәби (ата) деп белгілейді. Ойыншы белгіленген «нәби» тасты басқа тастардың барлығын қақпадан өткізіп болған соң ғана қақпадан өткізеді. Ойынның шарты бойынша басқа тастарды «нәби» тасқа тигізіп алмай өткізу керек немесе ойында сол қолдың бас бармағы мен сұқ қолын жерге тұрып, оң қолымен сол қолдың сыртынан тастарды алдыға иіріп тастайды. Ал қақпа тасты алғаннан кейін нәби сайланады. Нәбиді басқа ойыншылар сайлайды. Нәби ойыншылардың келісімі бойынша я алдынан, я артынан, я бір тастың екіншісіне тиіп тұрғаны, әйтеуір, қиын жердегісі сайланады. Ойыншы басқа тастарды өткізіп болғаннан кейін, нәбиді ең артында өткізеді. Ең ақырында, бәрін ойнап біткеннен кейін, ойыншылар бірі-біріне ұпай салады;

- **Балта шабу.** Қолдың қырымен бөліп орындау. Жерге қырымен қойылған алақанды әр тасты өткізу кезінде жылдам көтеріп отыру қажет. Тас қолға тіреліп қалса ойын тоқтатылады. Өткізілген тастардың барлығын қайта бірге жинап алады;

- **Тоқылдақ.** Тастарды жерге ұрып орындау. Жерге шашылған тастарды ойыншы екі-екіден бөліп алып жоғары лақтырылған тасты ұстағанша жерге тоқ

еткізіп ұрып үлгеруі қажет;

- **Тарақтау.** Тастарды әр саусақ арасынан өткізу. Соңынан барлығын бірге жинап алу керек;

- **Құдыққа салу.** Алақан саусақтарын қуыстап ұстау арқылы тастарды «құдыққа» жинайды. Соңынан барлық тастарды жерден жинап алады;

- **Қақпаны ашып-жабу.** Қақпақыл тастарды жоғары лақтыру кезінде тастарды жинаушы қолдың алақанымен жерді жауып отырады. Тас қораға салынған кезде қақпа ашылады да алақанмен тосып алады;

- **Қораның үстінен алу.** Жерге шашылған төрт тастың бірін есігі ашық «қораның» үстіне қойып, қалған тастарды қорадан өткізеді. Үстіне қойылған тасты қораға енгізеді. Соңынан барлық қора есігінен өткізілген тастарды жинап алады. Тастарды енгізу кезінде қора үстіндегі тас жерге түсіп кетсе, ойын тоқтатылады;

- **Жабық қораға енгізу.** Барлық тастар алақан арты жабық қора есігінен енгізіледі. Соңынан барлық тасты жинап алу керек;

- **Қуалау.** Ашық қораға тастарды алдынан енгізгеннен соң, барлық тастарды қайта қораның алдыңғы есігінен айналдырып енгізу қажет;

- **Кедергі.** Кедергіден жоғары асырып жинау. Қырынан қойылған алақан үстінен барлық тастарды бір-бірлеп асырып жинайды. Соңынан барлық тастарды біріктіріп жинап алады;

- **Бұрау.** Жоғары лақтырылған тасты екінші қолды бұрап алақанмен ұстау. Барлық тастар бір-бірлеп ұсталады;

- **Алақан қаршу.** Бес тасты түгел жоғары лақтырып, бірін де қалдырмай, бәрін алақанмен ұстау;

- **Алақан сырты арқылы қаршу.** Бес тасты жоғары лақтырып, екі алақанның сыртын қатар қою арқылы ұстау. Алақан сыртындағы тастарды қайтадан жоғары лақтыру арқылы алақанмен қайта ұстау;

- **Бір қолдың алақаны сырты арқылы қаршу.** Жоғары лақтырылған барлық тастарды бір алақанның сыртымен ұстау керек. Ұсталған тастарды қайта жоғары лақтыру арқылы қолдың алақанымен қаршып ұстау қажет. Қаршып ұсталған тастар санына байланысты ұпай беріледі.

Ескерту. Барлық қаршып ұстау түрлерінде әр қаршып алынған тастан 10 ұпай жинайды. Бес тасты түгел ұстаса 50 ұпай жинайды.

Жеңімпазды анықтау. Бестас ойыны жеңімпазын анықтау әр ойыншының ойын кезеңінен өту саны бойынша барлық ойынға жіберген уақытын қосу және жинақталған қаршу ұпайларын қосу арқылы анықталады. Ұпай салудың бірнеше түрлері бар. Біріншіден, бес тасты қолын айналдырып лақтырып қағып алу керек. Екіншіден, бес тасты түгел лақтырып, алақанның сыртына түсіріп, одан қайта лақтырып, қаршып алуы керек. Содан, қанша тас қағып алса, сонша ұпай салады. Әр тас – он ұпай. Егер де, бес тасты түгел қақса, онда 50 ұпай алады. Осылайша, ойын жалғаса береді. Ұпай салушылар ұпайды тек өзінен кейінгі кезектегі ойыншыға ғана салады. Ойынның шарты бойынша, тастарды қаққан кезде, басқа тастарды қозғалтпаулары керек. Бес тас ойыны білім алушылардың зейіндік, жылдамдық, ептілік, икемділік дене қасиеттерімен

қатар, адамшылық тұрғыдағы сабырлық, ұйымшылдық адами рухани қасиеттерін дамытады.

Қазақтың ұлттық «Ақсүйек» ойыны.

«Ақсүйек» ойынының бірінші нұсқасы

Ойыншылар екі жақтан жарты шеңбер жасап жиналады. Ойыншылар саны алты адамнан кем болмауы керек (И.И.Ибрагимов). Кейде сүйек орнына сиырдың қылшығынан құмға езіліп жасалған жүн доп қолданған. Келісім бойынша бір ойын жүргізуші таңдалып алынады. Ол бір таяқты кезектесіп «ұстасу» арқылы ойыншылар екі топқа бөлінеді де ойынды бастайды. Екі топтың да ойыншылары киімдерін шешіп, екі жаққа үйіп қояды. Содан кейін ойын бастаушы ақсүйекті немесе жүн допты алады да, барынша алысқа лақтырады. Сүйек лақтырылған соң оны іздеп жан-жаққа жүгіреді. Ойынға қатысушылар Ақсүйекті лақтыруға оны ұстап алуға немесе түскен жерінен тауып алып, үюлі тұрған қарсыластарының киімдеріне барып бір-бір заттан алып кетуге тырысады. Ал, қарсыластары болса, оларға кедергі жасап сүйекті немесе допты тартып алып, өз қарсыластарының киімдеріне қарай ұмтылады. Қарсыластары сүйекті немесе шарды бір-бірлеріне лақтырып беру арқылы қарсыластарының тымақ немесе аяқкиім сияқты заттарын алып өз жақтарына қашып келуге тырысады. Осылай ойын бір жақ жеңгенше жалғаса береді. Сөйтіп Ақсүйекті қай топтың ойыншысы сөреге жеткізсе, қарсы топтағыларға жеңілген есебінде айып салынады. Ойын кезінде басқа сүйекті пайдалануға болмайды. Бұл ойынды қазіргі уақытта кеңінен қолданып жүрген тимбилдинг тәсіліне де ыңғайлап өткізуге болады. Жасөспірімдер арасындағы ынтымақтастықты орнату мақсатында қолдануды ұсынамыз.

Қазақ күресі. Қазақ халқының өте ертеден қалыптасқан спорт түрлерінің бірі – қазақ күресі. Аталмыш жекпе-жек көшпелі халықтың тіршілігімен бірге жасасып келе жатқан спорт түрлерінің бірі. Қазақ күресінің басқа халықтардың ұлттық күресімен салыстырғанда, өзіндік ерекшелігі бар. Қазақ күресінің аталары болып табылатын – Қажымұқан, Балуан Шолақ секілді, алыптардың жолын жалғайтын талай-талай саңлақтар өсіп келеді. Оларға күрестің техника, тактика дайындықтарына әдістемелік тұрғыда дұрыс жөн сілтей білсе, ертеңгі күні бабалары секілді, әлемді мойындатары хақ. Ұлтымыздың нақты көрінісін айқындайтын, салт-дәстүрімізді әлемге әйгілейтін ұлттық спорттың осы түрі кеңінен насихатталуы керек. «Әлемдік аренаға шықпайтын спорт түрінің бәрі жарамайды, ана немесе мына ұлттық ойынымызды ешкім біле бермейді» - деп, жылы жауып қоюға болмайды.

Қазақ күресіне мектептегі дене тәрбиесі сабағында көп көңіл бөлу керек. Өзіндік аса бір ерекшелігі бар, қашанда көпшіліктің көңілінен шығатын ұлттық өнердің бірі – қазақ күресінде халықтың бойындағы қасиетін көрсететін үлгі ретінде, белгілі бір жүйеге келтірілген арнайы киім бар. Күртешеде, шалбарда және аяқ киімі мәсіде ұлттық ою-өрнектер қолданылған. Қазақ күресінің ережесінің ерекшелігі: балуанның аяқтары ғана еркін қозғалып жұмыс істейді. Аяқтарына қандай айла-тәсіл қолданса да еркі өзінде. Тебуге болмайды, жеңісті бекіту үшін астыңғы балуанның жауырыны жерге тигізіп тұрғанда, үстінен

аттап кету міндеттелген. Қазақ күресінде қолданатын айла-тәсілдердің негізгі түрлері:

- иықтан асыра лақтыру әдісі. Лақтырған палуан құламай орнында қалады;
- әдіс қолданған палуан өзі құлап барып қарсыласын астына түсіру;
- қарсыласын жамбасқа салып жығу;
- іштен шалып жығу;
- сырттан шалып жығу.

Күресте қолдануға болмайтын айла-тәсілдер: қолды белбеуден босатып жіберуге, қарсыласын ұрып не болмаса итеруге, тамақтан, саусақтан, құлақтан, белбеуден басқа киімнен ұстауға болмайды. Уақыт белгіленбейді. Белдесу барысында тең түсу, ия болмаса, ұпай санымен ұту деген болмаған. Белдесудің уақыты шектелмегендіктен, міндетті түрде қарсыластың біреуі жеңіске жетеді.

Тоспа доп - ұлттық ойын.

Ойынды бір топ жас өспірім жиылып, не ашық кең далада, не мектеп ауласында ойнайды. Ойынға бір метрдей таяқ, бір кішкене доп керек. Ойын бастаушы таяқты тандаған бір ойыншыға жақын жерден лақтырып береді. Ол жерге түсірмей, оны қағып алып, таяқтың бір басын жоғары көтеріп ұстап тұрады. Қалған ойыншылар ұстап тұрған ойыншының қолындағы таяқты үстінен тұтамдап ұстау керек. Бұл жеребе деп аталады. Кімнің қолы таяқтың ең ұшына дәл келсе, сол доп ұрушы, ал оған жақын тұрған ойыншы доп беруші болады. Қалған ойнаушылар доп ұрылатын өріске барып бытырап тұрады. Бұларды «талаптылар» деп атайды.

Доп ұрушы мен доп беруші аралары 2 - 2,5 метрдей қашықтықта қарама-қарсы тұрады. Доп беруші 1, 2, 3 деп санайды да, допты тез лақтырып ұрушыға береді. Доп ұрушы оны аспандата, сонымен қатар ұзата қатты ұрады. Осы ретпен үшке дейін допты дәлдеп ұра алмаса, онда ұрушы мен беруші орын ауыстырады. Егер екінші ойыншы да дәл ұра алмаса, онда бұл екеуі «талаптылар» тобына кетіп олардың орындарына жаңадан екі бала келеді. Осы тәртіппен зымырап ұшқан допты ұстауға «талаптылар» түгел әзір тұрады. Әркім өз тұсына келген допқа таласа жүгіреді де, бұрын ұстаған допты алып, доп берушіге лақтырады. Доп беруші оны жерге түсірмей қағып алады да ұрушыға тағы лақтырып береді. Бұл жерде доп беруші қағып ала алмай қалса, онда әлгі «талапкер» оның орнына шығады да, бұрынғы доп беруші «талаптылар» тобына барып қосылады. Ойын осылай созыла береді. Ойын жылдамдық, ептілік, икемділік, үйлестіру, күш сияқты физикалық қасиеттердің дамуына айтарлықтай ықпал етеді. Ойын орта және жоғары сынып оқушыларына арналған.

«Қап киіп жарысу» ойыны көгалды жазық далада, клуб немесе дене шынықтыру залдарында өткізіледі. Ойын ашық алаңда өткізілгенде оған қатынасушылар 50 метрдей жерден сөре жасайды. Ойын залдарда өтетін болса, сөре оның мүмкіншілігіне қарай жасалады. Жарысатын жердің ені бір жарым метрдей болады және 4—5 қатар жолақ жол созылып қойылады. Жолдың қақ ортасына жарысатын адамдардың санына сәйкес етіп кенеп қаптың аузын ашып қою керек. Ойын басқарушының командасы бойынша сызықтың бірінші басында қатарласып тұрған ойнаушылар жарысып жүгіре бастайды. Жолында

жатқан қапқа жетісімен, екі аяғын оның ішіне тығып, тез киіп, екі қолымен жоғары көтеріп, ілгері секіріп жарыса береді. Мұндағы мақсат — сызықтың екінші басына алдымен жету. Осы тәртіппен ойын қайталана береді. Олар барлық талапкерлер кезектесіп қатынасады. Бұл ойын әр түрлі тәртіппен өткізілуі де мүмкін. Бұл ұсынып отырылған ең оңай түрі.

«Ләңгі тебу» ойыны. Ләңгі – көшпенді қазақ балаларының жылы уақыттарда ойнайтын ойыны. Тесілген, диаметрі 2 см, қалыңдығы 2-3 мм шеңбер тәріздес қорғасын дөңгелекке бір жапырақ ешкі терісі тігіледі. Ескере кететін жайт: күнделікті аяқ киімнің тез тозып кету ықтималдығын ескере, бұл ойынды спорттық, былғарысы мықты аяқ киімде немесе етікте ойнаған абзал.

Ойын ережесі:

1. Ойынды үйрену үшін қарапайым түрінен бастаймыз. Бірінші ойыншы «ойын иесі» деп аталады. Ойын иесі ойыншыларды ойын ережелерімен таныстырады. Ойнау үлгілерін, ойын әдістерін көрсетеді. Өзге ойыншылардан осылай ойнауды талап етеді;

2. Кімде-кім бұл талаптарды орындай алмаса, ол ойыншы «малай» деп аталады және ол ойын иесіне қызмет етуге тиіс. Басқа ойыншылар ойын кезінде ләңгіні малайдан алады;

3. Ойыншылардың біреуі ләңгіге тапсырыс береді. Яғни, ләңгіні беруді сұрайды. Малай ләңгіні тапсырыс иесінің аяғына тастайды. Ол адам ләңгіні алысқа тебеді. Ал, малай ләңгінің артынан жүгіріп, қағып алып, ойын иесінің аяғына тастайды;

4. Ләңгі саны тапсырыспен орындалған қағыстардың айырмасына тең болады;

5. Егер малай ойыншының аяғынан ләңгіні қағып алса, немесе тапсырыс санына тең ләңгі орындалса немесе Тапсырыс беруші тастап кеткен ләңгіні өткізіп алса, онда малай тоқтап, ойын тоқтайды. Жеңімпаз болу үшін ептілік, тапқырлық, малайдың шапшаңдығы қажет;

6. Егер, малай ләңгіні аяғымен (қолын тигізбей) қағып алса, онда, ләңгіге ең соңғы болып аяғы тиген ойыншы малайға айналады. Бұрынғы малай оның ләңгісін қанша рет қағып алса, сонша рет қызмет етуге тиіс;

7. Егер малай басқа ойыншының аяғынан ләңгіні қағып алса, онда ол ойыншы малайға айналады. Бұрынғы малай ойын иесі болады және оның аяғына жаңа малай ләңгі тастайды;

8. Бірінші айналымда малайшылық аяқталған кезде келесі айналым басталады т.с.с.;

9. Бұл кезде жүріс келесі ойыншыға беріледі;

10. Бірінші айналымда ойыншылар тапсырыс иесінің міндетін атқарып болған соң келесі сатыға көшеміз.

Ойнау әдістері:

1. Оң аяқпен «жай қағыс» жасау;

2. Сол аяқпен «жай қағыс» жасау;

3. Оң аяқпен «жанама» қағу;

4. Сол аяқпен «жанама» қағу;

5. Оң аяқ «ұшымен» қағу;
6. Сол аяқ «ұшымен» қағу;
7. «жас+жанама» қағу (оң және сол аяқпен);
8. «жас+ұшымен» қағу (оң және сол аяқпен);
9. «жас+ иіліп» қағу (оң және сол аяқпен);
10. «секіріп+ иіліп» қағу (оң және сол аяқпен) «тізенің астынан + жай» қағу (оң және сол аяқпен).

Оқу үдерісінде физикалық қасиеттерін дамытуға арналған ойындар:

«Жаяу тартыс» ойыны. Ойын шарты: Ойынға қатысушылар екі-екіден ортаға шығады да, екі басы біріктіріліп түйілген арқанды екеуі бірдей екі жағынан мойындарына іліп, екі қолтығының астынан жібереді де, екеуі екі жаққа қарай еңбектеп, күні бұрын белгіленген жерге дейін бірін-бірі тартып жеткізулері керек. Қайсысы сүйреп, жеткізсе, сол ойыншының ұтқаны болып есептеледі. Әдетте, бұл ойынға өзіне-өзі сенімді, дене күші мығым оқушылар күш сынасу үшін қатысады. Ойынды, негізінде, орта және жоғары буын білім алушылары ойнап оларда күш, төзімділік физикалық қасиеттері дамиды.

«Арынды арқан» ойыны. Ойын шарты: Ойынға қатысушылардың санына шек қойылмайды. Ойынға ұзындығы 2-3 метрдей арқан керек. Ойнаушылар дөңгелене шеңбер бойына тұрғаннан кейін, қолында арқаны бар жүргізуші топ ортасына шығады да, «Ойынды бастадым», – деп дауыстайды. Содан арқанның түйілмеген басынан ұстап, шеңбер бойымен айналдырады, ал ойнаушылар болса, орындарында секіріп тұрып, арқанды баспай, аяқтарының астына өткізіп жібере береді. Кімде-кім арқанды аяғының астынан жібере алмай басып ұстап қалса, сол ойыншы көпшіліктің ұйғаруымен ортаға шығып өнер көрсетеді немесе ойын жүргізушімен орнын ауыстырады. Ойын жалғаса береді. Ойынның басқа түрінде секіре алмай арқанды ұстап қалған ойыншылар ойыннан шығып отырады, сөйтіп, бір ойыншы қалғанша арқанды айналдыра береді. Осылайша, соңында қалған бір ойыншы жеңімпаз атанады. Ойынды, негізінде, орта және жоғары буын білім алушылары ойнап, басым көпшілігінде күш, төзімділік дене қасиеттері дамиды.

«Үштабан» ойыны. Ойын шарты: Тақыр жерге көлденең сызық сызылады да, оған әр ойыншы бір-бірден арасын сиректеу етіп асық тігеді. Ойыншылардың біреуі барлық сақаларын жиып иіреді. Кімнің сақасы алшы шықса сол бірінші болып сақасын көннен алысырақ жерге иіреді. Сол сақасымен тігулі асықтарды атып, үш табаннан артықтау жерге жіберсе, сол асықты ұтады. Үш табаннан кем, я болмаса сақасы асыққа тимей кетсе, ойынды келесі ойыншы жалғастырады. Ойын көндегі асықты ұтып біткенше созылады. Ойынды бастауыш және орта буын білім алушылары ойнайды, мергендік, дәлдік, икемділік, ептілік дене қасиеттері дамиды.

«Алты атар» ойыны. Ойын шарты: көнге әр адам асық тігеді. Сол қатарға тағы бір сақа тігіледі (үйіргенде баланың шік түскен сақасы). Асықтардың арасында саңылау болмай тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1 метр сызық, ал 4-5-6 метр жерден ататын қарақшы белгілейді. Кімде-кім түптегі сақаны атып ұшырса (1 метрден асырса) бүкіл асықтарды сол алады. Ал сақаға

тимей асықты ұшырса, оның сызықтан шыққаны ғана соныкі болады. Ату саны – 6 рет. Алғаш сақасы шыққан бала бірінші болады да, қалғандары одан кейінгі кезекте атады. Алты рет атыстан қалған асықтардың бәрі түпте қалған баланікі болып есептеледі (сақасы тігілген бала). Ойынды бастауыш және орта буын білім алушылары ойнайды, мергендік, дәлдік, икемділік, ептілік дене қасиеттері дамиды.

«Тас қала» ойыны. Ойын шарты: Ойыншылар тегіс жерге шеңбер сызады да, дәл ортасына асықтарды бірінің үстіне бірін пирамида етіп жияды. Әр ойыншы (кезегімен) шеңберден 5-8 метр шамасындай қашықтықта тұрып, өзінің сақасымен пирамиданы атады да, шеңберден атып шығарған асықтарын ала береді. Тигізе алмаса, ойынды келесі жалғастырады. Тас қаланы бұзып, бірақ асықты шеңберден шығара алмаса, онда айыбын қосып, тас қаланы қайта құрып тұрғызады. Егер, атушы тас қаланы бұзып, бір асықты шеңберден шығарса, онда қалған асықтарды шеңберден шығарғанша дейін ата береді. Қалған ойыншылар бұзылған «Тас қаланың» бытырап жатқан асықтарын атып алады. Ойын көндегі асықтар біткенге дейін созылады, одан соң ойын қайта басталады. Ойынды бастауыш және орта буын білім алушылары ойнайды, мергендік, дәлдік, икемділік, ептілік дене қасиеттері дамиды.

«Табан» ойыны. Ойын шарты: Бұл ойынға 2 адам қатысады. Сақаларын иіргенде кімнің сақасы алшы түссе сол бірінші кезекті алады. Ол өзінің сақасымен қарсыласының сақасын атады. Сонда ол сақаға тигізіп қана қоймай, оны алысырақ ұшырып түсіруге тырысады. Өйткені сақаның жатқан жерінен ұшып түскен жеріне дейінгі қашықтық табанмен өлшенеді. Арасы неше табан болса, қарсыласы оған сонша асық төлейді. Одан соң кезек екінші ойыншыға беріледі. Әдетте ойыншылар ұтыс жайы мен ойын шартын алдын ала келісіп алады. Ойынды бастауыш және орта буын білім алушылары ойнайды, мергендік, дәлдік, икемділік, ептілік дене қасиеттері дамиды.

«Қайтып кел» ойыны. Аталмыш ойынның шарты: лақтырған затыңның өзіне қайтадан ұшып қайтып келуі қажет. Ол үшін жаңқа тәріздес ауада айнала ұшып өзіне қарай келетіндей затты жасап алуың қажет, заттың формасы әртүрлі және әртүрлі заттардан, мысалы ағаш, қағаз, жапырақ т.б. болуы мүмкін. Кімнің ұшырған заты өзіне дәл қайтып келетін болса сол ұтқан болып саналады. Ойынды бастауыш және орта буын білім алушылары ойнайды, мергендік, дәлдік, икемділік, ептілік дене қасиеттері дамиды.

«Сақ етер етер» ойыны. «Сақ етер» бұрынғы кезде садақ, найза, қылыш сияқты қару ретінде қолданыста болған зат. «Сақ етерді» қару ретінде басы тастан немесе темірден домалақтап жасалып, оны алысқа лақтыру үшін жіпке тағып, қатты айландырып ұшыратын болған. «Сақ етерді» ойын ретінде пайдаланып, лақтырып және дәл тигізуге машықтану үшін пайдаланады. Ол үшін саз балшықты алақанға салып домалақтап, ортасын тесіп, бірнеше күн кептіріп қояды, сол кезде балшық кеуіп «Сақ етер» дайын болады. Әр бала «Сақ етерді» көптеп жасап алады. Ойнау кезінде «Сақ етерді» алысқа кім лақтырады, кім ілінген затқа дәлдеп тигізеді және аспандатып биіктікке лақтыру сияқты жарыстарды ұйымдастырып ойнайды. «Сақ етер» қол мен дененің бұлшық

еттерін жақсы дамытып, дәлдік пен ептілікке үйретеді. Орта және жоғары буын білім алушыларына арналған ойын.

«Бәкі қадау» ойыны. Аталмыш ойын бәкі, пышақ құралдарын жас кезден бастап дұрыс ұстап, дұрыс қолдана білуге үйретеді. Ойынды бірнеше балалар топталып ойнауларына немесе жеке де ойнауға болады. Ойынға бәкі немесе қолға ұстауға оңтайлы кішкене пышақты алады. Бәкі қадауды отырып немесе түрегеліп тұрған жағдайда орындайды. Бәкіні қадау жерге немесе қабырғаға қадау түрлерінде өтеді. Ойынды бастар алдында жерге немесе қабырғаға шағын дөңгелек шеңбер сызылады және ол тең төртке бөлінеді, әр бөліктің өзінің ұпайы болады мысалы 1,2,3,4 ұпай т.с.с. Бәкіні ұшымен осы дөңгелек ішіндегі қалаған бөлікке қадау қажет. Қадауды бір-бір реттен немесе келісім бойынша бірнеше рет қатарынан орындауға болады. Қадауды орындаудың бірнеше түрлері бар, оларға: бәкіні қолмен ұстап тік қадау, бәкі ұшын иық, шынтақ, саусақ, кеуде, тізе үстіне ұшымен тіреп тұрып қадау т.б. түрлері енеді. Аталмыш ойын дәлдік пен ептілікке үйретеді. Орта және жоғары буын білім алушыларына арналған ойын.

«Атыңды ата» ойыны. Бұл ойынды, негізінде сабақтан және мектептен тыс бұқаралық-сауықтыру, денешынықтыру-спорттық іс-шараларда, жастар кештерінде жиі ойнайды. Ойынға көзді жауып байлап тұратын орамал және ұзындығы 1-1,5 м таяқ керек. Қатысушылар көп болған сайын ойын қызықты болады. ойын ережесі бойынша жиналғандар бір-бірлерінің қолдарынан ұстап, шеңбер құрып тұрады. Ортаға көзі байланған ойыншы шығады. Ол кез келгенді таяқпен көрсетіп “атыңды ата” – деп айтады. Нұсқаған ойыншы таяқтың екінші ұшынан ұстап, өзін танып қоймас үшін дауысын өзгертіп басқа адамның атын айтады. Егер, көзі байланған ойыншы таяқтың екінші басын ұстап тұрған ойыншының шын атын тауып қойса, онда екеуі орын алмастырады, ал егер қателессе онда ортада қала береді. Ойын жалғаса береді. Білім алушының зейіндік, мұқияттық, саққұлақтық, тапқырлық, ептілік, икемділік қасиеттерін дамытуға арналған ойын түрі орта және жоғары буын өкілдері үшін арналған.

«Айдап сал» ойын шарты бойынша қатысушыларға шек қойылмайды. Мектеп жасындағы барлық жас буынының білім алушылары ойнауына болады. Оқу үдерісінде ауа-райының жылы уақыттарында сабақтың негізгі бөлімінде немесе сабақтан тыс, демалыс уақыттарында өткізген абзал. Ойнаймын деген ерік білдірушілердің бәрі де қатыса береді. Ойнаушылар екі топқа бөлінеді. Бірінші топтың ойыншылары «сыртқа» шығып кетеді де, екінші топтағылар «үйде» отырып қалады. Ойын жүргізуші сыртта тұрғандардың есімдерін үйде отырғандардың әрбіреуіне қойып, өзі белгілеп алады да, сырттан келген ойыншыларға қойылған есімді білдірмейтіндігі жөнінде ескертеді. Енді, сырттағы ойыншыларды бір-бірлеп шақыра бастайды. Сырттан келген ойыншы үйдегі ойыншылардың біреуін көрсетіп, яғни өз есімімен аталған ойыншыны табуы керек. Егер, таба алмаса, онда ойыншылар орындарына барып отырады. Осылайша сыртта тұрған ойыншылар жеке-жеке кіріп, өз есімдері қойылған жігітті іздеп болғаннан кейін белгілеген адамын дұрыс таппағандар айып тартады. Ал, өз есімін тапқандар сол ойыншының қасына барып отырады, айып тартпайды. Айып тартушылар көпшіліктің ұйғаруымен өлең айтады, би билейді.

Әйтеуір, білген өнерін көрсетеді. Осылайша ойын қайталанып біткеннен кейін, екі топтың ойыншылары орындарын ауыстырады, ойын қайта басталады. Ойын білім алушылардың зейіндік, мұқияттық, саққұлақтық, тапқырлық, ептілік, икемділік қасиеттерін дамытуға арналған.

Қазақ халқының ұлт ойындарының жастар арасында көп тараған және өте ертеден келе жатқан, аса сүйіп ойнайтын түрлерінің бірі – «**Сиқырлы таяқ**». Оқу үдерісінде ауа-райының жылы уақыттарында сабақтың негізгі бөлімінде немесе сабақтан тыс, демалыс уақыттарында өткізген абзал. Бұнда ойнаушылар санына шек қойылмайды. Ойынға жиналғандар қол ұстасып, дөңгелене шеңбер құрып тұрады да, араларынан біреуін ойын жүргізуші етіп тағайындайды. Жүргізуші қолына таяқ ұстап, шеңбердің ортасына шығады да, ойын тәртібін, жолдарын түсіндіреді. Ойнаушылардың бір шетінен бастап, барлығына рет қатарын білдіретін сандарын атайды. Сонан кейін, жүргізуші қолындағы таяғының бір басын жерге тіреп тік ұстайды да, кез келген бір ойыншының санын атап, таяқты қоя береді. Айталық, жүргізушінің атаған саны төртінші, бесінші, оныншы не жиырмамыншы бола ма, әйтеуір, рет саны аталған ойыншы ести салысымен жүгіріп барып таяқты құлатпай ұстауы керек. Егер, ол дауысты аңғармай я болмаса жай басар болып, дереу алмай, таяқты құлатып алса, онда ол ортада тұрып, көптің ұйғаруымен өнер көрсетеді. Ол өлең айтып, би билеп, домбыра тартады, әйтеуір көпшілік нені талап етсе, бәрін орындауға тиісті. Ол өнерін көрсетіп болған соң қайтадан орнына барып тұрады. Егер таяққа тез жетіп жерге құлатпай ұстап алса, онда жүргізушімен орын ауыстырады.

Бұл ойынның екінші түрін білім беру мекемесінің сыныптан, мектептен тыс бұқаралық-спорттық, дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларында, мерекелік үлкен жиындарда, ойын-сауық кештерінде спорт немесе акт залдарында, ойын алаңдарында ойналады. Ойынға ұзындығы бір метрдей таяқ пен доп керек (ертеде допты сиырдың жүнінен жасаған, доп болмаған жағдайда кез келген затты алу болған). Ойын жүргізуші жиналғандарды отырғызғаннан кейін ойын тәртібімен таныстырады. Сонан соң, ойынға қатысушының біреуін өзіне шақырып алып, допты ортаға қояды да, ойыншының көзін байлайды. Ондағы қоятын шарты – көзі байланған адам қолына берген таяқпен допты тауып барып ұруы керек. Мұндай жағдайда ойыншылар допты қашықтау қоюға тырысады. Осы кезде, ойын жүргізуші көзі байланған ойыншының қолына таяқтың былғанған басын ұстата қояды. Көзі байланған ойнаушы еш нәрседен қаперсіз таяқтың былғанған басын ұстай алады. Ойын жоғары сынып білім алушыларының арасында өткізіліп, жылдамдық, зейіндік, мұқияттық, саққұлақтық, тапқырлық, ептілік, икемділік қасиеттерін дамытуға тәрбиелейді.

Ескерту: ойынның мақсаты допты ойыншыға ұрғызу емес, көзі байланған балаға бір басы былғанған таяқты ұстата қою.

Берілген ұлттық ойындардың басым бөлігі балалардың қимыл-қозғалысын жетілдіруде тиімділігі жоғары.

IV. Сыныптан тыс және мектептен тыс уақытта жоспарлы және жоспардан тыс спорттық жарыстарды өткізу кезіндегі дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-бұқаралық іс-шаралар

Білім беру ұйымдарының дене шынықтыру сабақтарындағы «Қазақтың ұлттық ойындары» спорт бөлімінің қоғамдық және әлеуметтік маңызы аса зор. Ұлттық ойындар қазақ халқының ежелгі мәдениеті мен өнерінің де ешкімнен кем болмағанын байқатады. Қазақ халқы ұлттық ойындарға бай халық. Ұлттық ойындар атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып жатыр. Ата-бабаларымыз ұлттық ойындар арқылы ұрпақтың мықты, әрі жігерлі болып өсуіне ықпал етіп, олардың береке бірлігі мен ынтымағын жарастырып отырған. Шындығына келсек, өмір сүруімізбен қатар, өскелең ұрпақтың тәрбиесіне ұлттық ойындардың атқаратын міндеті айрықша. Қазақ халқы материалдық мұраларға қоса, мәдени қазыналарға да аса бай халықтардың бірі. Жоғарыда аталған ақпараттардың барлығын білім беру мекемелеріндегі сыныптан, мектептен тыс уақытта жоспарлы және жоспардан тыс спорттық жарыстарды өткізу кезіндегі дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық-бұқаралық іс-шаралар есебінде, тәрбиелік және сауықтыру тұрғысынан қарастырсақ.

Қазақ халқы ежелден бала тәрбиесіне аса зор мән беріп, олардың сол кезеңдердегі тарихи қажеттіліктен туындаған жауынгерлік рухта ержетуін ұқыптылықпен қадағалаған. Жалпы, баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті ойын арқылы басталады. Ойын адамның өмірге қадам басардағы алғашқы адымы. Сондықтан бала үшін ойынның мәні ерекше. Ойын баланың негізгі іс-әрекетінің бір көрінісі болып табылады. Қазақ халқының ұлы ақыны, ойшылы А. Құнанбаев: «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма?» деп айтқандай, ойын бала өмірінде ерекше орын алады. Ойынды көркемдік іс-әрекетінің алғашқы қадамы деп түсіндіреді. Ойынға шартты түрде мақсаттар қойылады, ал сол мақсатқа жету жолындағы іс-әрекет бала үшін қызықты. Ойын – балаларға ақыл-ой, адамгершілік, дене шынықтыру және эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі. Балалар ойын барысында өзін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекет байқатады.

Ойын тәрбие құралы арқылы ақыл-ойды кеңейтеді, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, жақсы ұғысады және өзінің денсаулығын нығайтады. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай, олардың көзқарастарын, мінез-құлықтарын қалыптастыру құралы деп те ерекше бағалаған. Ойынды сабақта қолдану оқушының ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы, деп білген. Бос уақытта әртүрлі ойындар ойнау баланың денсаулығы үшін өте пайдалы. Жастардың ұлттық сана-сезімінің дамуында қазақтың ұлттық ойындарының алатын орны айрықша.

Білім беру ұйымдарындағы, яғни, мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында сабақтан тыс спорт үйірмелерін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарда сабақтан тыс спорт үйірмелерін ұйымдастыру тәртібі мен шарттары айқындалған. Сабақтан тыс спорт

үйірмелерін ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңдарын, Қазақстан Республикасының Еңбек, Азаматтық кодекстерін, осы әдістемелік ұсынымдарды және білім беру ұйымының Жарғысын басшылыққа алу қажет. Сабақтан тыс спорт үйірмелерінің мақсаты – білім алушыларды спорттық бағыттағы дене жаттығуларымен тұрақты шұғылдануға, жарыс қызметін жүргізуге тарту, сондай-ақ дене шынықтыру мен спортты насихаттау болып табылады.

Білім алушылардың мектептен, сыныптан тыс уақытта бос уақыттарын дұрыс ұйымдастыру үшін мектепте қосымша білім алумен яғни, дене шынықтыру және спорт үйірмелерімен қамтамасыз ету ұсынылады.

Сабақтан тыс спорт үйірмелерінің міндеттері:

- білім алушылардың/тәрбиеленушілердің дене шынықтыру, рухани және азаматтық-елжандылық тәрбиесіне, дене шынықтыру мен спортты күнделікті өміріне енгізу;

- денсаулық жағдайында ауытқулары бар және дене дайындығы әлсіз білім алушылардың/тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайтуға бағытталған жұмыстарды жүргізу;

- спорттық-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын өткізу;

- спорт түрлерін үйлесімді, әрі тең құқылы дамыту үшін жағдайлар жасау;

- дене шынықтыруды, спортты және салауатты өмір салтын белсенді насихаттау, нашақорлықтың, маскүнемдіктің, темекі шегудің дамуына қарсы, сондай-ақ құқық бұзушылықтар мен балалардың бос уақытын ұйымдастыруға бағытталған жұмыстарды жүргізу, болып табылады.

Вариативтік құрауыш дене шынықтыру педагогі ұлттық ойындарды тереңдетіп оқыту мақсатында оқытудың заманауи әдістері мен педагогикалық технологияларын қолдану мен енгізуге бағдарлайды. Вариативтік құрауышты нақты білім беру ұйымы материалдық базасы мен өңірдің орналасу ерекшеліктерін, білім алушының қызығушылықтарын, оқытушылар ұжымының мүмкіндіктерін ескере отырып, дене шынықтыру педагогі әзірлейді. Сабақтан тыс спорт үйірмелері соның ішінде ұлттық ойын білім алушылардың қозғалыс белсенділігіне қажеттілігін қанағаттандыруы, жаттығу қызметі мен спорттық дайындыққа бағдарлануы тиіс.

Сабақтан тыс спорт үйірмелері дене тәрбиесінің мынадай міндеттерін шешуі керек: білім беру, сауықтыру, тәрбиелік, спорттық шеберлікті жетілдіру.

Білім беру міндеттері: қозғалыс қорын кеңейту, спорттың күрделі қимыл-әрекеттерін, дене шынықтыру және спорт саласындағы қажетті теориялық ақпараттарын игеру.

Сауықтыру міндеттері: білім алушылардың денсаулығын нығайту, олардың физикалық дайындығы мен функционалдық мүмкіндіктерінің деңгейін арттыру.

Тәрбиелік міндеттер: рухани-адамгершілік және жеке қасиеттерді қалыптастыру.

Спорттық шеберлікті жетілдіру: жергілікті мектептен бастап, ауыл, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейлердегі жарыстарға қатысу арқылы Отанымыздың даңқын әлемге паш ету.

Орта білім беру ұйымдарында сабақтан тыс спорт үйірмелерін ұйымдастыру үшін топтарды жасақтау оқу жылының басында жүзеге асырылады және мынадай жас топтары бойынша топтастырылады: бастауыш сынып оқушылары, орта жастағы оқушылар және жоғары сынып оқушылары.

Бастауыш сынып оқушылары үшін жалпы дайындық сабақтарын ұйымдастыру ұсынылады. Орта жастағы оқушылар үшін – спорт түрлері немесе дене шынықтыру-спорттық бағыттылығы бойынша, ал жоғары сынып оқушылары үшін бұдан басқа, дене шынықтыру-спорттық қызметтің, оның ішінде сауықтыру қызметінің жаңа түрлері бойынша ұйымдастырылады.

Дүниежүзіндегі қазіргі спорт түрлерінің шығу төркіні ұлттық ойындардан бастау алады. Көптеген халықтардың ұлттық ойындары бір халықтың ойын түрінен асып, қазіргі кезде халықаралық ойындар түрлеріне айналды. Мысалы, қазақ халқының ұлттық ойыны болып табылатын қазақ күресі, ат спорты, тоғызқұмалақ, саятшылық секілді, спорт түрлерінен әлемдік, халықаралық секілді ірі деңгейлі жарыстар өтуде.

Осы кездегі ең үлкен және өзінің дүниежүзілік маңыздылығымен ерекшеленетін спорттық жарыстар қатарына жазғы және қысқы Олимпиадалық ойындарды алуға болады. Олимпиадалық жарыстардың ойындар деп аталуы ойын тарихының көнелігін көрсете отырып, Олимпиада ойындары бағдарламасына енген спорт түрлерінің барлығы кезінде белгілі бір халықтың ұлттық ойын түрі болғандығын меңзейді. Оған мысал ретінде, ұлттардың өзара араласуы себебінен көптеген ұлттық ойындар бір халықтың ойын түрлерінен асып, халықаралық ойындар түрлеріне айналғанын: Олимпиада ойындарына енген ағылшынның футболы, жапонның дзюдо күресі, кәрістің таэквандосы секілді, спорт түрлерін мысал ретінде көрсетуге болады.

Халықтар арасында ұлттық ойындардың бір-біріне ұқсас түрлері мен тек бір ғана ұлттар арасында белгілі түрлері де кездеседі. Сол себепті, білім беру мекемелерінде қазақтың ұлттық ойындарымен бірге, Қазақстанда тұратын халықтардың ұлттық ойындарымен салыстырмалы түрде қосып өткізу қағидаты жақсы жолға қойылған. Қазақстанға әртүрлі жағдайлармен көшіп келген әр халықтың ұлттық ойындарының пайда болу ерекшелігі сол халықтың басынан кешірген тарихи әлеуметтік, шаруашылық, қоныстанған жерінің табиғаттық ерекшеліктеріне байланысты, әртүрлі болып келді. Қазақстан жері көне «Жібек жолы» торабында орналасуының өзі, жерімізге әртүрлі елдердің мәдениеті, соның ішінде, ойындардың да келіп араласуына ықпал етті. Осы жағдайлар біздің еліміздегі таралған ұлттық ойындардың басқа халықтарда да ұқсас ойындардың болуына жол ашты. Оған мысал ретінде көкпар тарту, қыз қуу, аударыспақ, бәйге, күрес, садақ ату т.б. түрлерінің қазақ, қырғыз, өзбек, түркімен, татар, бурят, ауған т.б. көптеген халықтар арасында да болуын мысалға алуға болады.

Қазіргі кезеңде білім беру мекемелеріндегі дене тәрбиесі және спорт түрлерінің мазмұнында кәсіптік элементтер көптеп кездеседі, олай болуының себебі – адамдар ойын мазмұнына шаруашылық жүргізуге қажетті кәсіптік дене қозғалыстарын енгізу арқылы адамдарды тәрбиелеуді мақсат етіп алу себебі көрінісі болып табылады, мысал ретінде: жүгіруге қажетті доппен ойнау, ауыр атлетикаға қажетті ауыр тастарды, малдарды, кірді көтеру, ат спортына қажетті көлік жүргізу, аттарды секірту, т.б., қыста шаңғы тебу, мұзда сырғанау, суда малту, қайықпен жүзу т.б., аспанға ұшу, садақ және мылтық ату, найза лақтыру, күресу т.б. келтіруге болады.

Адамдарды ұлттық ойындар арқылы дене шынықтыру мен спортқа баулудың негізгі құралы болып табылатын жаттығулар түрлері қазіргі кездегі техникалық, экономикалық өзгерістердің әсерінен өзінің шаруашылықта қолданылатын бастапқы түрлерінен өзгеріп, қазіргі тұрмыс-тіршілікке қажетті өзгерістерге негізделіп отырған жағдайларды да көруге болады.

Қазақ халқының ұлттық ойындарының тарихында өзара жарысу, бір нәрсеге таласу, оны дәлелдеу кезінде ойнаушылар арасында келісілген шаруаның өзгеріссіз толық орындалуы үшін келісімге келу, бәске тұруы, бәстесуі, шарттасулары жиі кездеседі, оны орындаудың арнайы рәсімдері де бар. Бәске бару кезінде, әр жақ міндетті түрде, орындауға қажетті істерге келіседі. Осы бәске тұру, шартқа отыру, қазіргі спорттағы жарыс ережелерінің негізін қалап, соның бастауы болды деп ойлаймыз, себебі, спорттық жарыстар белгілі ережелерге бағынып өткізіледі, яғни келісілген шартты орындауға міндеттенеді. Ол үрдіс білім беру мекемелеріндегі денешынықтыру-сауықтыру, бұқаралық-спорттық іс-шараларда да кездеседі.

Қазақстанның дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатының маңызды бағыттарының бірі – бұқаралық спортты дамыту. Халық арасында бұқаралық спортты насихаттау салауатты ұлтты қалыптастырудың кілті болып табылады. Сабақтан тыс уақытта сыныптан тыс дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-бұқаралық жұмысты одан әрі дамыту үшін мектепте және қосымша спорттық мектептердегі үйірмелерді сапалы өткізуді міндеттейді. Бұқаралық спортты дамытудың ажырамас бөлігі балалар мен жасөспірімдерді дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануға тарту болып табылады, бұл өскелең ұрпақтың толыққанды дамуына ықпал етеді және денсаулықты нығайтуға, қозғалыс біліктері мен дағдыларын жетілдіруге бағытталған. Балалар мен жасөспірімдерді дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануға тарту да жоғары санатты спортшыларды даярлау үшін елдің спорттық ішкі қорын (резервін) тәрбиелеуде негіз болып саналады.

Балалар мен жасөспірімдер спортының дамуы білім беру ұйымдарындағы дене тәрбиесіне тікелей байланысты. Қазақстанда өскелең ұрпақты дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануға тарту мектеп жасына дейінгі кезеңнен басталады. Жалпы білім беретін ұйымдардағы балалар мен жасөспірімдердің дене тәрбиесі «Дене шынықтыру» пәні шеңберінде мектептер және қосымша білім беру ұйымдары жанындағы спорт үйірмелерінде барлық білім алушылар үшін мектептегі спорт клубтарының, үйірмелерінің және

мектептен тыс дене шынықтыру-сауықтыру ұйымдарының желісін кеңейту жолымен мектептерде әртүрлі үйірмелерді ашып, жоспарлы жұмысты жүргізудің нәтижесі бұқаралық спорттың дамуына үлес қосады. Осы орайда, білім беру мекемелерінде баланың бос уақытын тиімді ұйымдастыру үшін бастауыш сыныптарда асық ойындарының түрлерінен, қимыл-қозғалысты дамытатын ойындардан бастап, «Тоғызқұмалақ», «Қазақша күрес», «Садақ ату», «Аударыспақ», «Жаяу көкпар, «Жамбы ату», «Ләңгі тебу», «Найза лақтыру» үйірмелерін ашуды ұсынамыз. Ләңгі ойыны болашақ футболшыларды дайындау деп айтуға болады. Өйткені ләңгіні әртүрлі позицияда тебу арқылы, допты әртүрлі тәсілмен қақпаға бағыттауға мүмкіндік береді. Қазақ күресінен үйірме жұмыстарын өткізу арқылы, баланы күресуге үйретіп, Дзю-до, Еркін, Грек-рим күрестері сияқты, олимпиадалық спорт түрлерін меңгеруге бағыттайды. Осылайша, ұлттық спорттың пайдасын, қажеттіліктерін ескеріп, болашақта баланың ортақ спорттық қызығушылықтарына сай, үйірмелерді ашу ұсынылады.

Сабақтан тыс спорттық сабақтар бірнеше бағыттар бойынша (спорт түрлері бойынша): білім алушылардың сұранысы мен тілектеріне, қажетті спорттық база мен жабдықтардың болуына байланысты ұйымдастырылуы мүмкін. Сабақтан тыс спорт үйірмелері, дене шынықтыру және спорттық іс-шаралар жалпы дене шынықтыру бойынша жаңа түрлерін қамтуы мүмкін. Сабақтан тыс спорт үйірмелерін ұйымдастырудың құралдары мен әдістерін таңдауды тікелей дене тәрбиесі мұғалімі, сабақ өткізетін нұсқаушы жүзеге асырады. Сабақтан тыс спорт үйірмелерін ұйымдастыру үшін мұғалім оқу үдерісінің жоспарлау құжаттарын әзірлеп, бақылаудың барлық түрлерін кезеңдер бойынша, ағымдағы және жедел жүзеге асыруы керек.

Сыныптан тыс уақытта балалар мен жасөспірімдер арасында ұлттық спорт түрлерінен жоспарлы немесе жоспардан тыс спорттық жарыстарды ұйымдастыру мектептің ішкі жоспарына, аудан/қалалық білім және спорт бөлімдерінің іс-шаралар жоспарына, білім басқармасы және спорт дамыту басқармаларының, республикалық Ұлттық спорт федерациясының өткізетін шараларына сәйкес өтеді. Осы орайда, білім алушылар үшін төмендегі кестеде көрсетілген ойын түрлерінен жарыстар өткізуді ұсынамыз (1-кесте):

1-кесте. Білім беру мекемелерінде ұлттық спорт түрлерінен жарыстарды өткізу жоспары мен жарыс деңгейлерінің түрлері.

№	Ұлттық спорт түрлері	Сыныбы	Өткізу кезеңдері
I.	Асық ойындары: «Бес тас» ойыны «Алшы» ойыны «Атпақ» ойыны «Атбақыл» ойыны «Үштабан» ойыны «Алты атар» ойыны	3-4 сыныптар 5-7 сыныптар 1-4 сыныптар 1-2 сыныптар 3-4 сыныптар 2-4 сыныптар 4-6 сыныптар	Күз, көктем мезгілдерінде
II.	Ләңгі ойыны	2-4 сыныптар	Жылдың әр мезгілінде жоспарлы

			шараның турнирлері ретінде
III.	Тоғызқұмалақ ойыны	4-5 сыныптар 6-7 сыныптар 8-9 сыныптар 10-11 сыныптар	Жылдың әр мезгілінде жоспарлы шараның біріншіліктер мен турнирлері ретінде
IV.	Садақ ату	6-11 сынып арасында	Біріншіліктер мен турнирлер
V.	Қазақ күресі	4-11 сыныптар	Біріншіліктер мен турнирлер
VI.	Жамбы ату	6-11 сынып арасында	Біріншіліктер мен турнирлер
VII.	Қол күресі	4-5 сыныптар 6-7 сыныптар 8-9 сыныптар 10-11 сыныптар	Жылдың әр мезгілінде жоспарлы шараның турнирлері ретінде

Сабақтан тыс спорт үйірмелері, дене шынықтыру және спорттық іс-шараларының қызметі негізінен, спорт түрлерін, соның ішінде, ұлттық ойындарды білім беру мекемелерінде дамыту мен насихаттаудан тұрады. Сабақтан тыс спорт үйірмелерінде жасалатын қимыл-қозғалыстар білім алушылардың спорттық шеберлігін жетілдірумен қатар, икемділік, үйлесімдік, жылдамдық, ептілік, күштілік, батылдық, төзімділік қабілеттерін дамытады, денсаулығын нығайтып, ақыл-ойын өсіреді. Ойын барысында балалар бір-бірімен жақын араласып, тату, ұйымшыл болып өседі. Сонымен бірге спорт үйірмесіне қатысу негізінде бала:

- физикалық қасиеттерін жетілдіреді;
- денесі қимылдап, бойы сергиді, миы тынығады;
- үйірмеге қатысушылар бір-бірін тез түсінеді, ұйымшылдыққа үйренеді.

Ұлттық спорт түрлерінен жұмыс істейтін үйірменің мақсаты:

- ұлттық ойындар дене шынықтыру оқу қызметтерінде кең қолдана отырып, балалардың дене тәрбиесін дұрыс жолға қою, спорттық шеберліктерін, мүмкіндіктерін арттыру;

- ұлттық спорт түрлерінен қазақ халқының ерлік-жауынгерлік тарихын ұрпаққа ерліктің өшпес үлгісін қалдырған хас батырлардың өмір өнегесімен таныстыру, өз жерін, өз елін қорғай алатын ел жанды, ұлттық намысы мол жігерлі бүлдіршіндерді тәрбиелеу;

- жас ұрпақты өздігінен білім деңгейін көтеруге үйретіп өзін-өзі тәрбиелеуге дағдыландыру.

Ұлттық спорт түрлерінен үйірмелердің негізгі мақсаты:

- балалардың денсаулығын нығайту мен денені шынықтыру;
- мәдениетін қалыптастыру мен өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру.

Ұлттық спорт түрлерінен үйірмелердің міндеттері:

- таңдаған спорт түрлерінен спорттық шеберліктің қажетті дене қозғалыс дағдыларын, танымдық-қозғалыс белсенділігін арттыру;

- қалыптастыратын дене жаттығуларының негізгі түрлерімен үйірмеге жаңадан келген балаларды таныстыру;
- спорттық шеберлікті жоғарылатуға бағытталған қозғалыс әрекеттерімен дене жаттығуларының негізгі түрлерін балаларға меңгерту;
- спорт түрлерінен қызығушылығын қалыптастырып дамыту.

ҚОРЫТЫНДЫ

XXI ғасыр – білімділер ғасыры болғандықтан, бүгінгі таңда заманымызға сай дені сау, ой өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі де, орта мектепте жалғасын табады. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады.

Аталмыш әдістемелік ұсынымдарды жасақтауда авторлар ұжымы ұлттық ойындарды дәріптеуге арнап, оны, әсіресе, стандартты, классикалық спорт түрлеріне беріліп кеткен әріптестерге көмек ретінде, яғни, заманымыздың талаптарына сай, білім алушыларға ұлттық құндылықтарды өскелең ұрпақтың бойына сіңіре беруді оқытып-үйретуге талпыныс жасауда.

Ұлттық ойындар – қазақ халқының ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын-сауықтарының бір түрі. Оның бастауы алғашқы қауымдық қоғамда шыққан. Ұлттық ойындар негізінде әр халық түрлі-түрлі жаттығулар жасау жолымен дене шынықтыру ісінің негізін салды. Бертін келе, шынайы спорт ойындарының шығуына түрткі болды. Оның адам денсаулығын жақсартуда пайдалы аса күшті екені белгілі.

Ұлттық ойындар – ата-бабаларымыздың бізге қалдырған байлығы, асыл қазынамыз. Сондықтан ұлттық спорт түрлерін үйренудің күнделікті тұрмыста пайдалануда, заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуде пайдасы орасан зор. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, ұштаса береді.

Мектеп жасындағы жас ұрпақтың қалыптасуына әсер ететін фактордың бірі, дәстүрлі мәдениетіміздің бір бағыты халықтың ұлттық ойындары. Ата-бабамыз ойынды тек баланы алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, ол халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы, баланың көзқарасы, мінез-құлқын қалыптастырып, бір жүйеге келтіретін тәрбие құралы деп санаған.

Ұлттық ойындарды ойнату арқылы баланы тапқырлыққа, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, икемділікке, батылдылыққа үйрету іске асырылады. Яғни, білім беру мекемесіндегі дене шынықтыру сабағында да, ұлттық спорт түрлерінен спорт үйірмесінде де уақыт аралығындағы күн тәртібіне сәйкес жаттықтыру үдерісі үш міндетті қамти жүргізіледі. Сондықтан да сабақта және жаттықтыру үдерісінде арнайы өтілетін тақырыптық тәрбие сәттерінің арасында денені де шынықтыру, шеберлікті де жетілдіру, ұлттық тәрбиелік мәні де көзделеді.

Ең бастысы ата-бабадан қалған өнер мен өнеге, үлгілерінің лайықтыларын баланың сана сезіміне құйып, көзіне көрсете отырып, ойын арқылы бойына сіңіріп, оларды әдептілікке, мейірімділікке, ізеттілікке, туысқандық пен бауырмалдыққа, үлкенге – құрмет, кішіге – қамқорлыққа баулып, адами

қажеттіліктерді ұғындыру, қалыптастыру. Бір ғажабы, ойындар балалардың батырлық және қайсарлықпен қатар, жан сұлулығын да, тән сұлулығын да жан-жақты жетілдіруге бағытталған.

Оқу үдерісінде ұлттық ойындар бағдарламаның мазмұнына қарай негізгі жаттығулар ретінде қолданылады. Дене шынықтырудан оқу қызметтеріндегі қимыл-қозғалысты ойын ретінде қосымша дене қасиеттерін дамытатын ұлттық ойындарды алу – дене шынықтыру мұғалімінің өз еркінде. Білім беру мекемелерінде ұйымдастырылған кез келген дене іс-әрекеттерін, оқу үдерісіндегі және сыныптан, мектептен тыс дене шынықтыру-спорттық іс-шараларын күн тәртібінде жоспарлауға болады.

Ойын балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылыстарын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлықтарын дамытады. Ойын арқылы балалар қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Ойнау үдерісінде сөйлесу қарым-қатынасы үлкен роль атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар өзара пікірлесіп, әсер алысады. Ойын баланың жан-жақты дамуын көздейтін, оның тілін жаттықтыратын, қимыл-қозғалысын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, басқа адамдармен қарым-қатынасын реттеп, құрдастарымен ұйымшылдығын арттыруға негіз болып табылады. Халқымыздың тарихи-мәдени мұраларының түрлері өте көп. Олардың қай-қайсысы да адам игілігіне қызмет етуге бағытталған. Сондай аса құнды мәдени игіліктердің негізгі бөлшегі – ұлттық ойындар болып табылады. Қазақтың ұлттық ойындары ерлікті, өжеттілікті, тәрбиелік пен мәдениеттілікті, батылдылықты, дененің шынығуын қажет етеді.

Білім алушының ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы байи түседі. Сонымен қатар ұлттық ойындардың балаларға арналған кейбір түрлері өлеңмен өрнектеліп отырған. Өлең-жыр арқылы ата-бабаларымыз ойынның эстетикалық әсерін арттырып қана қоймай, бүлдіршіндердің өлең-жырға деген ықыласын оятып, дүниеанымын арттыра білген. Тіпті кейбір ойындар арқылы жас ұрпақты еңбекке баулып, шынықтыруды мұрат еткен.

Ұлттық ойынның баланың дамып жетілуіне, адамгершілік қасиеттерінің артуына, психикасына да тигізетін әсері мол. Ұлттық ойындар арқылы өз халқының тарихын, жерін, даму сатысын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, қонақ жайлылығын айқындап көруге болады. Ұлттық ойындарды үйрету арқылы әділдікке, достыққа, сыйластыққа, кішіпейілділікке тәрбиелей отырып, білім алушылар бойында адамгершілік қасиеттер де қалыптастырылады. Басқа ойындар сияқты, қазақтың ұлттық ойындарында да тәртіпке бас иіп, ойын ережелерін бұлжытпай орындауы – білім алушының ойын барысында тәртіп сақтауына, мектеп табалдырығынан бастап тәртіпке, әділдікке, жинақылыққа баулиды, адал, өжет, әділ, қайырымды болуға тәрбиелейді.

Ұрпақ тәрбиесі жайындағы озық ұлттық мұраны бүгінгі тәлім-тәрбие жұмысына пайдалана отырып, атадан балаға жалғасып келе жатқан әдет-ғұрыпымызды, салт-дәстүрімізді, тілімізді, дінімізді қадірлеуді балаға сәби кезінен қалыптастырған жөн.

Этнограф-ғалымдардың зерттеулері негізінде, қазақтың ұлттық ойындары аңға, малға байланысты, алуан түрлі заттармен ойналатын, зеректікке, ептілік пен икемділікке, батылдыққа баулитын ойындар деп бірнеше түрге бөлінетіні анықталды. Қайсыбір ғалымдар қазақ халқының ұлттық ойындары түрінің жүзден асып жығылатынын айтады. Мұның өзі қазақ халқының ежелден-ақ айрықша дарынды, һәм білімді болғанының дәлелі. Тағы бір ерекшелігі, ұлттық ойындардың, әсіресе, балаларға арналған түрлері, әдетте, өлеңмен «өрнектеліп» те отырған. Демек, халқымыз ұлттық ойындар арқылы жас жеткіншектерді өмір сүруге дағдыландырып, қиындыққа төзе, қиын сәттен жол таба білуге машықтандыруды басты мақсат еткен. Авторлардың пайымдауынша, білім беру мекемелеріндегі дене шынықтыру мұғалімдері ұлттық ойындарды үйретумен қоса, олардың шығу тарихын, тәрбиелік мәнін айтып, өскелең ұрпақтың көзін ашып, олардың рухтануына, ата-бабалары үшін мақтан тұтарлықтай, үлкен күш алып, елжандық танытуына үлес қосар еді. Ұлттық ойындардың тағы бір ерекшелігі, әр ойын жас ұрпақты салиқалы да салмақты, шебер әрі епті болуға баулиды. Өйткені әрбір адам өзінен өрбіген ұрпақтың ынжық, бойкүйез болып қалмай, жан-жақты, білікті де күшті болып өсуіне бар күшін салған.

Қазақтың ұлттық ойындары білім ошақтарындағы білім алушылардың негізгі іс-әрекеті ретінде анатомиялық-физиологиялық, психологиялық, педагогикалық мән-маңызы зор қызметтер атқарады. Ойын баланың даму құралы, таным-көзі, білімділік, тәрбиелік, дамытушылық мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Ойынның тәрбиелік маңызын қазақтың барлық дерлік, маңдай алды тұлғалары, қоғам қайраткерлері, ғалымдары жоғары бағалай келіп, этнопедагогикалық тұрғыда өз ойларын айтып кеткен.

Ойын – баланың қажетті табиғи әрекетінің бірі. Ойынды, әсіресе, кіші жастағы балалар керек етеді. Балалардың еңбегі, оқуы ойыннан басталады. Ойын арқылы білім алушыны білім алуға қызықтыра отырып, тұлғалы дамуын қалыптастырады, пәнаралық өзара байланысты орнатады. Мысалы, математика сабағында қолданылатын ойын түрлері оқушылардың математикалық ұғымдарын кеңейтіп, ойлау қабілеттерін арттырып, есептеу дағдыларын шыңдай түсетіні белгілі. Математика сабағында қазақтың ұлттық ойындарын қолдануға болады: «Сақина салу», «Ақсүйек» ойыны белгісіз санды табуға арналған ойын. Ойынға толық сынып қатысады. Кестедегі белгісіз сандардың орнына «ақсүйек» тығылып жатыр. Кім дұрыс шығарса, сол табады. Кім ақсүйекті көп тапса, сол ұтады. Өтілген тақырыптардағы сабақ материалына лайықталған ойын есептерін алып, тек ғана оқушының орындай алатын іс-әрекетімен шектелу жеткіліксіз. Сол секілді, басқа пәндермен де өзара байланысты ойындарды ұйымдастыру мен басқарудың сипатын, жолдарын, оларды қолданудың тиімді бөліктері жан-жақты ойластырылуы керек. Ойын үрдісінде балалардың білімі тереңдей түседі, түсіну/қабылдауы қиын пәндерді игеру оңайланады, осыған дейінгі білімдері мен түсініктері баянды болып жаңа білім игеріледі. Егер, бала ойын талабына зейін қойғысы келмесе, ойын шарттарын есте ұстамаса, онда кез келген пәнді игеруі күрделеніп кетуі ықтимал. Сөйтіп, оның кері әсері сабақ үлгеріміне тиеді.

Жіктеуі өте көп кез келген ұлттық ойындарды адамның өміртанымының алғашқы қадамы, деп қабылдауға болады. Оның басты ерекшелігі – баланың ойлау қабілетін жетілдіру болып табылады. Ойында балалар әр нәрсеге жақсы зейін қояды және көбірек есіне сақтайды. Ойын үстінде ол алға қойылған мақсатты шұғыл және оңай жүзеге асырады. Ойын шарттарының өзі баладан заттарға, айналатын көріністер мен сюжетке зейін тоқтатуды талап етеді. Өтілетін ойындардың бәрі ұлттық нақышта болуы қажет.

Ұлттық ойындар – балалардың негізгі іс-әрекетінің бір түрі. Аталған ойындар барысында кез келген білім алушының жеке басының қасиеттері қалыптасады. Кіші және төменгі орта мектеп жасындағы балалар көргендерін, байқағандарын, айналасынан естігендерін ойын кезінде қолданатынын байқау қиын емес. Ұлттық ойындар айналадағы болмысты бейнелейді, солардың арқасында балалар дүниені тани бастайды, өзінің күш-жігерін жұмсап, сезініп білдіруге мүмкіндік алады, адамдармен араласуға үйренеді.

Бүгінгі күн талабы – баланың ақыл-ойын, санасын дамыу, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай, ойы жүйрік, елін-жерін сүйетін елжанды, денесі шыныққан, ата-баба салт-дәстүрін ұстанатын, жан-жақты жетілген етіп тәрбиелеу.

Сондықтан да, білім алушының танымын алғашқы күннен бастап дамыту, бойында оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы – ұлттық ойындар екенін әрқашан есте ұстау. Бірақ, ойын тек қана білім алушыларды қызықтырып, уақыт өткізудің құралы ғана болмай, оған берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізін ұлттық ойындар арқылы қалау керек. Яғни, оқу-тәрбие жұмысын оқу бағдарламасы талаптарына сәйкес, ойын үдерісінде ұйымдастыра отырып, ұлттық ойындарды үйлестіре, білім алушының физикалық қасиеттері мен қабілеттерін арттыруға жағдай жасау – негізгі міндет. Білім алушы ұлттық ойындарды ойнау арқылы айналадағы құбылыс сырын танып-сезінеді, себеп-салдарлық байланысты және тәуелділікті анықтауға тырысады.

Жалпы, қазақтың ұлттық ойындарының қай-қайсысының да қоғамдық және әлеуметтік мәні зор. Бұған қоса, ұлттық ойындар қазақ халқының о бастан ерекше мәдениеті болғанын айқындайды. Ата-бабаларымыз ұлттық ойындар арқылы ұрпақтың береке-бірлігі мен ынтымағын жарастырып отырған. Қалай айтса да, адамның өмір сүруінде қазақтың ұлттық ойындарының атқаратын маңызы ерекше. Соңғы сөзбен айтқанда, физикалық қасиеттерін дамытушы, ақыл-ой, сана-сезімді жетілдіруші, ұлттық нақышта тәрбиелеуші әр ұлттық ойын оған қатысушыны өмір сүруге бейімдеп ғана қоймай, қиындықтан қорықпай, қарсы тұра білуге үйретеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ҚР Білім және ғылым министрінің 31.10. 2018 ж. №604 бұйрығы.
2. ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022ж. №348 бұйрығы.
3. Кузнецова З.М. Народные игры на уроках физической культуры / З.М. Кузнецова. – Набережные Челны. – 1996. – 160 стр.

4. Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт» туралы Заңы. 03.07. 2014 ж. (№228-V ҚРЗ 15 бап).

5. Сейсенбеков Е.К. Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі. Оқулық. – Астана: ЕҰУ баспасы. – 2011. – Б. 431.

6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің үлгілік оқу жоспары жөніндегі 08.11.2012 ж. №500 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8170 тіркелген).

7. Сейсенбеков Е.К., Марко Джоксимович, Тастанов А.Ж., Телахынов Е.Б. Физкультурно-спортивная работа в учреждениях образования зарубежных стран: сравнительный анализ и организационные формы // «Педагогика и психология». – 2018. № 1(34) – С.126-132.

8. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 15.08.2018 ж (ҚР футбол федерациясымен қосыла) шыққан №401 бұйрығы.

9. Сапарбаев М.Б. Подготовка учителя физической культуры. Учебное пособие. Алматы. – 1992. – С. 281.

10. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 24.07. 2018. № 460 қаулысы.

11. Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бірінші кезең 2016-2020 жылдар) бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 11.04. 2016 ж. №203 қаулысы.

12. <https://qazsporttv.kz/kz/news/6719/> дата обращения: 03.01.2023 г.

13. Былеева Л.В. Игры народов СССР / Сост. Л.В. Былеева, В.М. Григорьев. – М.: Физкультура и спорт. – 1985. – 269 стр.

14. Кенеман А.В. Детские подвижные игры народов СССР: пособие для воспитателей детского сада / Под. ред. Т.И. Осокиной. – М.: Просвещение. –1988. – 239 стр. с илл.

15. <https://bilimainasy.kz/бала-тәрбиесіндегі-ұлттық-ойындардың-маңызы/> дата обращения: 16.07. 2023 г.

16. <https://friendship.com.ru/playworld/26.shtml> дата обращения:03.01.2023 г.

17. Горелик В.В. Особенности психофизиологической адаптации учащихся 11-16 лет к учебным и физическим нагрузкам, детерминированные типами их вегетативной регуляции. / В.В. Горелик, В.С. Беляев, С.Н. Филиппова, Б.Н. Чумаков // Человек. Спорт. Медицина. – 2018. – Т. 18, № 1. – С. 20–32.

18. Seisenbekov Yerlan. Scientific and methodological basis of the introduction of new organizational forms of physical education of students. Monograph. Алматы. КазНПУ. – 2017. – С. 141.

19. <https://videouroki.net/razrabotki/ok-ytu-urdisindie-u-ltтыk-sport-oiyndaryn-raidalanudyn-distiemieliktieri.html> дата обращения:18.06.2023 г.

20. Жабаков В.Е., Жабакова Т.В. Педагогическое мастерство учителя физической культуры. Учебное пособие / В.Е. Жабаков, Т.В. Жабакова. – Челябинск: Изд-во Ю-УГГ-ПУ. – 2016. – 195 с.

21. https://pedsovet.su/dosug/russkie_narodnye_igry дата обращения: 03.01.2023 г.
22. С. Тайжанова, А. Қарақов Дене тәрбиесі. 4-кітап / жоғары оқу орындарына арналған оқулық / Оқулық. Алматы, ССК. – 2019. – 368 бет.
23. <https://melimde.com/rastirfan.html?page> дата обращения: 03.01.2023 г.
24. <https://adilet.zan.kz/kaz/> дата обращения: 06.01.2023 г.
25. Назаренко Л. Д. Оздоровительные основы физических упражнений / Л.Д. Назаренко. – М.: Владос. – 2014. – 240 с.
26. https://byaki.ucoz.ru/news/uzbekskie_narodnye_igry_dlja_detej/2014-08-06-730 дата обращения: 03.01.2023 г.
27. Попов С.Н. Лечебная физическая культура: Учебник./С.Н. Попов Н.М. Валеев и др. – М: Совет. Спорт – 2014. – 416 с.
28. <https://smk.edu.kz/Account/Login?ReturnUrl=%2fCourse%2f16> дата обращения: 07.01.2023 г.
29. Сағындықов Е.С. / Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: «Рауан» баспасы, – 1991. – Б.176. ISBN 5-625-01063-3
30. <https://bilim-all.kz/article/2049-Ulttyq-oiyndardyn-tarbielik-mani> дата обращения: 16.07. 2023 г.
31. <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfamexico/press/article/details/86615?lang=kk> дата обращения: 25.05.2022 г.
32. «Әлемдік және ұлттық спорт ойындары: Энциклопедия / М.Құлекенов – Алматы: «Мерекенің баспалар үйі» 2014. – 272 бет
33. «Қазақтың ұлттық халық ойындары мен спортының теориялық және педагогикалық негіздері»: монография / Е. Әлімханов. – Алматы: Қазақ Унив, 2018. – 250 б.

СОДЕРЖАНИЕ

1. Обозначения и сокращения (Глоссарий).....	51
2. Нормативные ссылки.....	52
3. Предисловие.....	53
4. Введение	54
5. Раздел I. История возникновения и методическая необходимость введения национальных видов спорта по возрастам в учебный процесс общеобразовательных школ.....	56
6. Раздел II. Методы подбора и расстановки национальных видов спорта в учебную программу с учетом региональных, климато-географических, возрастных особенностей Республики Казахстан.....	62
7. Раздел III. Методические рекомендации по развитию физических качеств с применением национальных видов спорта в разделах обучения.....	71
8. Раздел IV. Физкультурно-оздоровительные и спортивно-массовые мероприятия во время проведения плановых и внеплановых спортивных соревнований во внеклассное и внешкольное время.....	86
9. Заключение	93
10.Список использованной литературы.....	97

ОБОЗНАЧЕНИЯ И СОКРАЩЕНИЯ (Глоссарий)

АФК – адаптивная физическая культура
БЧУП – базовая часть учебной программы
ВЧУП – вариативная часть учебной программы
ГОСО – государственный общеобязательный стандарты обучения
ДА – двигательная активность
ДЗ – домашние задания
ДНиУ – двигательные навыки и умения
ДР – двигательный режим
ДЮСШ – детско-юношеская спортивная школа
ДСО – добровольное спортивное общество
ЖЕЛ – жизненная емкость легких
ИГСТ – индекс Гарвардского степ-теста
ИНО – институт непрерывного образования
МНВО – министерство науки и высшего образования
МОН – министерство образования и науки
МП – министерство просвещения
МТ – масса тела
ОГК – окружность грудной клетки
ОРУ – общеразвивающие упражнения
ОСШ – общая средняя школа
ОЦТ – общий центр тяжести
ПМ – программный материал
РДК – развитие двигательных качеств
СК – спортивный клуб
СМГ – специальная медицинская группа
СФВ – система физического воспитания
ФВ – физическое воспитание
ФК – физические качества
ФП – физическая подготовленность
ФР – физическое развитие
ФОР – физкультурно-оздоровительная работа
ФУ – физические упражнения
ЧСС – частота сердечных сокращений, удары в минуту
МПШГ – многопрофильная школа-гимназия
ШЛ – школа-лицей
ГЭШГ – гуманитарно-эстетическая школа-гимназия
В – всего, классы;
РП – работы в паре;
Экс – эксперимент обучающегося;
Ф – формативное оценивание;
ГР – групповая работа;
ИР – индивидуальная работа;
ПУ – показывает учитель.

НОРМАТИВНЫЕ ССЫЛКИ

Нормативные ссылки свидетельствуют о том, что данные методические рекомендации используются в рамках утвержденных нормативных актов, что свидетельствует о правомерности указанных методических рекомендаций:

1) Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года №319-III.

2) Закон Республики Казахстан «О физической культуре и спорта» от 3 июля 2014 года № 228-V.

3) Концепция развития образования Республики Казахстан на 2022-2026 годы, утвержденная Постановлением Правительства Республики Казахстан от 24 ноября 2022 года № 941.

4) Национальный проект "Качественное образование "Образованная нация", утвержденный Постановлением Правительства Республики Казахстан от 12 октября 2021 года № 726.

5) Концепция развития физической культуры и спорта Республики Казахстан до 2025 года, утвержденная Указом Президента Республики Казахстан от 11 января 2016 года № 168.

ПРЕДИСЛОВИЕ

В настоящее время существуют различные, по возрастным категориям, методики проведения национальных игр на уроках физкультуры в общеобразовательных учреждениях. В связи с этим, возникает необходимость совершенствовать методику обучения национальных игр в соответствии с местными и региональными особенностями, а также сделать игры интересными для обучающихся. Чтобы привить игры каждому обучающемуся, необходимо использовать интересные и актуальные на то время методы.

Любая из казахских национальных игр может быть изучена и привита по современному, независимо от возраста обучающегося в учебных заведениях. Одним из средств обучения детей казахским национальным играм являются наглядные пособия, используемые на занятиях. Плакаты, красиво расписанные, украшенные национальными мотивами и колоритом, выполненные с использованием национальных орнаментов, станут понятными для любого ребенка. Правила игры должны быть вывешены на видном месте. Большое количество буклетов с изображением национальных игр расширяют мировоззрение обучающихся. В информационном плане, необходимо сохранять традиции народа и следовать им, популяризируя учебно-методическую литературу, освещающую национальные игры. Необходимо увеличить количество открытых занятий с использованием оргтехники, продвигать старинное забытое казахское воспитание и образование, менталитет. Особенно среди молодого поколения, которое выросло в городских условиях или получило в прошлом веке советское воспитание, и в результате начало терять свои корни. Поэтому разумно, если руководство каждой образовательной организации, в соответствии с возрастными особенностями учащихся, включит в учебные планы и программы предмета «Физическая культура» различные виды национальных игр и будет держать их под постоянным контролем, а также следить за тем чтобы процесс был непрерывным.

Если выделить национальные игры, в составе которых есть духовные, патриотические, воспитательные черты, развивающие человеческие качества, то жизненный опыт показывает, что в процессе воспитания подрастающего поколения казахские национальные игры имеют огромное значение для детей всех возрастных категорий общеобразовательных учреждений. Когда нынешнее подрастающее поколение усваивает задачи уроков, связанных в данных разделах с национальными играми, обучается способам и методам этих игр, «шлифуя» способом повторения, совершенствуя их на каждом уроке, то тогда они, вступая во взрослую жизнь и будучи гражданами своей свободной и суверенной страны, вырастут настоящими патриотами, любящими свою Родину, свой народ.

ВВЕДЕНИЕ

